БЕЙСЕНБІ
№65 (4459)
13.06.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёль кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Екі ел делегацияларының қатысуымен өткен келіссөз барысында еліміздің Президенті Юн Сок Ёльдің Қазақстанға жасаған алғашқы мемлекеттік сапарын тарихи оқиға деп бағалады. Сондай-ақ бүгінгі келіссөздер қазақ-корей ықпалдастығының аясын кеңейтіп, екіжақты байланысты жаңа белеске көтеретінін айтты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Оңтүстік Корея жаһандық ауқымдағы нағыз экономикалық және технологиялық локомотивке айналды. Ал әлемге әйгілі корей корпорациялары халықаралық аренада елдің «негізгі жаһандық мемлекет» ретіндегі позициясын ілгерілетуге елеулі үлес қосып келеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастарды дамыту мәселелеріне тоқталды. Оның айтуынша, Сеул – Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Корея сыртқы сауда айналымы бойынша төртінші орында және еліміздегі ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кіреді.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Кореяның отыз жылдан астам уақыт ішінде жоғары деңгейдегі саяси диалогқа қол жеткізгенін, табысты экономикалық ынтымақтастықты және берік гуманитарлық байланыстарды жолға қойғанын атап өтті. Екі ел парламентаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық деңгейде және басқа да түрлі салаларда ықпалдастық орнатқан. Іскерлік кеңес пен Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия табысты жұмыс істеп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел кәсіпкерлері арасындағы тығыз қарым-қатынасты жолға қою ісінде тұрақты байланыстар аса маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстанда Оңтүстік Кореяның капиталы бар 700-ден астам компания жемісті жұмыс істеп жатқанын ерекше атап өтті. Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мәселесіне назар аударды.

– Қазақстанда тұратын 120 мың этникалық корей ұлтының өкілдері екі ел арасындағы қатынастарды нығайтуда маңызды рөл атқарады және оған өлшеусіз үлес қосады. Кореяда білім алып жатқан мыңнан астам қазақстандық жас мемлекеттер арасындағы «достықтың алтын көпірі» саналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

НАРЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ ТҮСПЕК

Қазақстан мен Корея арасындағы экономикалық қарым-қатынас жаңа бағытта өрбиді. Биыл он үшінші рет өткен қазақ-корей бизнес-форумына Оңтүстік Кореядан келген 50-ге жуық ірі компания өкілдері қатысты. Бұл іскерлік басқосудың бір ерекшелігі – оған корей елінің болашағынан үлкен үміт күттіретін стартап жобалары да келіп отыр. Шара барысында жалпы құны $430 млн асатын 23 екіжақты құжатқа қол қойылды. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың ең перспективті бағыттарына тоқталды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, Корея Республикасы Қазақстанның ең ірі инвестициялық және сауда серіктестерінің бестігіне кіреді.

– Корея Республикасы – Қазақстанның бес ірі инвестициялық және сауда серіктесінің бірі. Кореядан экономикамызға тікелей тартылатын инвестиция көлемі он миллиард долларға жуықтады. Ал өзара сауда айналымы алты миллиард долларды құрады. Қазақстан Корея Республикасының Орталық Азия аймағындағы негізгі сауда-экономикалық серіктесі ретінде өз позициясын нығайтуға ниетті. Сарапшылардың болжамына сәйкес, биыл әлемдік жалпы ішкі өнімнің 60 пайыз өсімін Азия қамтамасыз етеді. Бұл ретте Оңтүстік Корея «Азия ренессансында» ең маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жаңа экономикалық бағдардың дәйекті жүзеге асырылып жатқаны, инвесторларға қолайлы жағдай жасау шараларына баса мән берілетіні туралы айтты. Оның пікірінше, жер қойнауын пайдалану және өнеркәсіп сияқты стратегиялық мәні зор салалар Қазақстан мен Корея экономикалары кооперациясының маңызды бағыттары саналады.

– Мұнай-газ саласына Оңтүстік Корея технологияларын толыққанды трансферт жасау, сондай-ақ заманауи құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісін жолға қою біз үшін маңызды. Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ секілді ірі мұнай-газ кен орындарында өндірісті кеңейтуге бағытталған жобалардың жүзеге асырылып жатқанын ескерсек, мұның өзектілігі арта түседі, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2024 жылғы 14 маусымда сағат 09.30-да Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

РИЕЛТОРЛЫҚ САЛА РЕТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қызметі мемлекет тарапынан реттелмейтін риелторлардың халыққа тізесі батып барады. Құзырлы органдардың, депутаттардың, сарапшылардың айтуынша, олар аярлық жасап, елді алдайды, билігін пайдаланып, белден басады. Сондықтан Ұлттық экономика министрлігі бұл салада реформа бастауды ұсынып отыр. Мәселен, оларды адвокат, нотариус сияқты өзін-өзі реттеуші ортақ палаталарға, бірлестіктерге біріктіріп, солар тарапынан бақылау орнату мәселесі пысықталады.

▸▸4

ҒЫЛЫМ ҚУҒАН ЕЛ ОЗАДЫ

Өткенде ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыдағы Ғылым ордасында өткен жиында біраз мәселе көтерді. Еліміздегі ғалымдарға қойылатын талап пен дамытуды қажет ететін басым бағыттарды атап өтті. Осы орайда «Қазақстандағы ғылымның даму деңгейі қандай?» деген сауалдың жауабын іздеп көрген едік.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Кейінгі жылдары мемлекет ғылымды дамытуға ерекше ден қоя бастады. Аталған салаға бөлінетін қаражат жыл сайын ұлғайып келеді. Президент жанындағы Ғылым және технология жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Ұлттық ғылым академиясына «Президент жанындағы» мәртебесі берілді.

Бүгінде елімізде 22 456 ғылыми қызметкер бар. Зерттеушілердің 37 пайызының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар – 1 743 ғылым докторы, 3 945 ғылым кандидаты, 2 460 PhD докторы және өз саласы бойынша 96 доктор саналады. 414 ұйым ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындаумен айналысады. Кейінгі жылдары ғалымдардың жалақысы екі есеге ұлғайды.

Білікті маман әзірлеуге бағытталған грант көлемі соңғы жылдары 1,5 есеге артты. Қазір елімізде әлемнің беделді 12 университетінің филиалы бар. Президенттің тапсырмасына сай, алдағы уақытта тағы бірнеше білім ордасының филиалы ашылады. Таяуда Қ.Тоқаев Сингапурге барып, ондағы жоғары оқу орындарының басшыларымен кездескен-ді. Келіссөздер нәтижесінде ел мамандарының Сингапурде дәріс алуына жағдай жасалады.

▸▸6

ВАНДАЛИЗММЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

4 БЕТ

АЛТЫ МЕРГЕН ОЛИМПИАДАДА БАҚ СЫНАЙДЫ

8 БЕТ

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

(Басы 1-бетте)

Президент Юн Сок Ёль қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, биыл Корея Республикасы мен Қазақстан арасында стратегиялық серіктестік орнағанына 15 жыл толғанын атап өтті.

– Корея Республикасы өзінің басты стратегиялық серіктесі – Қазақстанмен бірге жарқын және кемел келешекке қатар қадам басуға ниетті, – деді Корея Президенті.

Келіссөз барысында энергетика, инфрақұрылым, өнеркәсіп, машина жасау, сауда, көлік-логистика, цифрландыру, аэроғарыш өнеркәсібі, қаржы секторы, білім беру, денсаулық сақтау, фармацевтика, туризм, мәдениет, экология және басқа да салалардағы екіжақты ықпалдастықтың перспективалары талқыланды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Корея басшылары Бірлескен мәлімдеме жасады. Екі елдің ресми делегация мүшелері бірқатар құжаттарға қол қойды.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Корея Республикасының Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

– Біз Корея басшысының осы мемлекеттік сапарына айрықша мән береміз. Бұл екіжақты қарым-қатынастың деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Мен елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты жоғары бағалаймын. Бүгін біз кеңейтілген стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамытуға уағдаластық. Өзара ықпалдастықтың жаңа бағыттарын айқындадық. Ең бастысы, бір-бірімізге әрқашан тілеулес екенімізді таныттық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті екі ел сауда-экономика және инвестиция салаларына баса мән беретінін, Корея Қазақстанның ең ірі бес инвесторының бірі саналатынын жеткізді.

– Былтырға дейін осы елден тартылған инвестиция көлемі 9,6 миллиард долларға жетті. Бұл көрсеткішті ұлғайтуға екі тарап та мүдделі. Қазақстанда корей капиталы бар 700-ден астам компания қызмет етеді. Мысалы, Samsung, Hyundai, Kia, Lotte, Doosan, Posco сияқты алпауыт корпорацияларды атап өтуге болады. Олар елімізде табысты жұмыс жүргізіп жатыр. Біз Президент Юн Сок Ёль мырзамен жан-жақты ынтымақтастықты нығайтуға келістік. Әсіресе, инфрақұрылым, өндіріс, қаржы, энергетика, экология, автомобиль мен аэроғарыш өнеркәсібі, IT, цифрландыру және басқа да салаларға басымдық беріп отырмыз. Қазір Doosan Enerbility компаниясы Түркістанда бу-газ қондырғысы арқылы жұмыс істейтін электр стансасын салып жатыр. Сонымен қатар Samsung Electronics компаниясы елімізде тұрмыстық техника шығаратын өндіріс ашуға ниет білдірді. Біз мұндай бастаманы барынша қолдаймыз. Сондай-ақ GL Ralpha компаниясы Астанада биофармацевтика зауытын салуды жоспарлап отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Келіссөз барысында сирек кездесетін металдарды бірлесіп зерттеу және өндіру мәселесі де қарастырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан нарығына кіргісі келетін корей компанияларына қолайлы жағдай жасауға дайын екеніне назар аударды. Оның пікірінше, мұны жүзеге асырудың нақты жолдары бар. Үкіметаралық комиссия, Іскерлік кеңес пен бизнес қауымдастық арасында жұмыс тобы құрылған. Бұл құрылымдар екіжақты экономикалық байланысты нығайтуға зор септігін тигізеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Банктік қадағалау саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғанына тоқталды. Жаңа құжат арқылы инвестициялар қауіпсіздігін бақылаудың тәртібі реттелмек.

Қазақстан Президентінің айтуынша, тараптар ғылым және білім салаларындағы ынтымақтастықты ұдайы нығайтып келеді.

– Қазіргі таңда Кореяның жоғары оқу орындарында мыңнан астам қазақ жастары білім алып жатыр. Өздеріңізге мәлім, Қазақстан техникалық мамандар даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұған кореялық әріптестеріміз қолдау көрсетіп отыр. Елдеріміз ғылым және технология саласындағы ынтымақтастықты дамыта түсуге келісті. Осыған орай Түркістанда Кореяның Усонг университетінің филиалын ашу мәселесі пысықталады, – деді Президент.

Сонымен қатар келіссөздер барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі кеңейтуге айрықша назар аударылды.

– Қазақстанда тұрып жатқан корей диаспорасының өз тілін сақтап, дамытуына қолдау көрсетіледі. Осы мақсатпен екі ел аумағында тұрақты түрде мәдени шаралар өткізуге уағдаластық. Қазіргі таңда Қазақстан азаматтары Кореяға 30 күнге дейін визасыз бара алады. Таяу арада Астана – Сеул бағытында тікелей рейс ашылады. Әуе рейстерінің ұлғаюы екі ел арасындағы байланысты нығайта түсетіні сөзсіз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған маңызды әрі мазмұнды келіссөздер жүргізілгенін жеткізді.

– Астана мен Сеулдің өзекті мәселелерге қатысты ұстанымдары ұқсас. Көпжақты ықпалдастықты нығайтуға екі ел де мүдделі. Біз Орталық Азия бестігі мен Корея диалогын одан әрі дамытуға келістік. Қазақстан Корея Республикасының K-Silk Road тұжырымдамасын қолдайды. Бұл мәселе бойынша бүгінгі келіссөздер барысында кең ауқымды әңгіме болды. Мен корей тарапының осы форматтағы алғашқы саммитті келесі жылы Сеулде өткізу туралы ұсынысын қолдаймын. Бұл бастама екіжақты және көпжақты ынтымақтастыққа тың серпін берері анық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президентімен халықаралық және өңірлік мәселелер жөнінде пікір алмасқанын, сондай-ақ жаһандық үдерістерге қатысты ой бөліскенін айтты.

– Біз әлемдегі түрлі қақтығыстарға байланысты алаңдаушылық білдірдік. Кез келген жанжалды диалог арқылы, дипломатиялық жолмен шешу қажет екенін атап өттік. Оның мызғымас негізі – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы және халықаралық құқық нормалары болуға тиіс. Осы ретте жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету тәсілдерін жетілдіру туралы ой бөлістік, – деді Қазақстан Президенті.

Юн Сок Ёль Қазақстан мен Корея арасындағы экономикалық және стратегиялық ынтымақтастыққа назар аударды.

– Қазақстан Президентімен келіссөздер барысында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған уақыттан бері қарқынды дамып келе жатқан екі ел арасындағы ықпалдастық мәселелерін кеңінен талқыладық. Сонымен қатар Қазақстан мен Кореяның стратегиялық серіктестігінің тиімділігін арттыра түсуге уағдаластық. Бүгінгі сапар аясында электр энергетикасы, маңызды минералдарды жеткізу салалары бойынша бірқатар келісімге қол жеткіздік, – деді Корея Республикасының Президенті.

Сондай-ақ Қазақстан–Корея бизнес форумы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев BNK Financial Group компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Бин Дэ-Инмен кездесті.

Мемлекет басшысы компанияның өз иелігіндегі BNK Finance Kazakhstan микроқаржы ұйымын толықканды екінші деңгейлі банкке айналдыру ниетін құптады. Оның пікірінше, Оңтүстік Кореядағы жетекші банктің Қазақстанда қызмет етуі екі ел арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның микроқаржы ұйымын банкке айналдыру рәсімі аяқталған соң, корпоративтік несие беруге күш салуға шақырды. Сондай-ақ банк саласында озық IT-шешімдерді пайдаланудың маңыздылығына назар аударды.

BNK Financial Group Inc. – Оңтүстік Кореяның қаржылық тобы. Оның құрамына Busan Bank, Kyongnam Bank, BNK Capital және басқа да компаниялар кіреді. Компанияның активі – 129 миллиард доллар. Ал таза табысы – 504 миллион доллар. Қаржылық топ әлемдегі ең ірі компанияларды есепке алатын Forbes Global 2000 тізіміне енген.

Содан кейін Мемлекет басшысы Doosan Group компаниясының төрағасы Чжеонг Вон Пак пен Doosan Enerbility басқарма төрағасының орынбасары Ён Ин Чонгті қабылдады. Кездесу барысында Президент су тасқыны кезінде елімізге көрсеткен көмегі үшін корей компаниясына алғыс білдірді. Мемлекет басшысының айтуынша, осындай қиын-қыстау жағдайда кәсіпкерлердің халықты қолдауы олардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркістан облысында қуаты 1 ГВт болатын бу-газ электр станциясын салу жобасының жүзеге асырылу барысы, сондай-ақ компанияның Атырау облысында «Қарабатан» газ турбиналы электр стансасын кеңейтуге қатысу перспективалары туралы мәлімет берілді. Doosan Enerbility компаниясы Doosan Group құрамына кіреді. Бұл кәсіпорын атом электр стансаларын салуға, жылу электр стансаларын, турбиналар мен генераторлар, су тұшытатын қондырғылар өндіруге маманданған. Компанияда 5 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді. 2023 жылы өнім сату көлемі 17,5 миллиард долларды құрады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы KIGAM президенті Пёнг-Ку Лиді және SK Ecoplant вице-президенті Хансоль Пэкті қабылдады. Кездесуде Қазақстанның Оңтүстік Кореямен геологиялық барлау және тау-кен өндірісі салаларындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Корея Геологиялық зерттеу және минералды ресурстар институтының (KIGAM) Шығыс Қазақстан облысындағы «Бакенное» литий кен орнында жүргізген барлау жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысы литий өндірісін жолға қоюдың, оны өңдеудің және дайын өнім шығарудың маңызды екенін атап өтіп, «шикізат орнына инвестиция мен технология» прагматикалық формуласына сай ынтымақтастық орнату мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Президент SK Ecoplant компаниясының қалдықтарды игеру және су тазалау бағытындағы инновациялық тәсілдеріне жоғары баға берді. Оның пікірінше, кореялық компаниялар қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қатыса алады. Хансоль Пэк Мемлекет басшысына компанияның «жасыл» сутегі өндірісі саласында қол жеткізген табыстары жөнінде баяндады.

НАРЫҚ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕ ТҮСПЕК

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аса маңызды шикізат игеру саласында еліміздің әлеуеті зор екеніне назар аударып, литий кен орнын игеруге және одан өңделу деңгейі жоғары өнім шығаруға ниетті оңтүстік кореялық серіктестермен (KIGAM, SK Ecoplant) ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін жеткізді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Жекешелендіру және дамыту жөніндегі атқарушы директоры Салтанат Сатжан SK Ecoplant компаниясы еліміздегі литий өндірісінің дамуына өз септігін тигізуді мақсат тұтып отырғанын атап өтті. Аталмыш компанияның негізгі бағыты – литий өндірісі.

– Сондықтан Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі – «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ – KIGAM – SK Ecoplant арасында меморандум жасалды. Бұл алғашқы келіссөздер болғандықтан, еліміздің шығыс өңірінде әлі барлау жұмыстары жүргізілетін болады. Егер оң нәтиже беріп жатса, ары қарай бірге жұмыс істеу шарттары қарастырылады, – деді ол.

Президент «жасыл» энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейтудің маңызы артып келе жатқанын айтты. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Оңтүстік Кореяның жасанды интеллектіге, роботты техникаға және биотехнологияға негізделген инновациялық агротехнологиясын енгізуге мүдделі екенімізге назар аударды.

Оңтүстік Корея мемлекетінің басшысы Юн Сок Ёль Қазақстанның экономиканы дамытудағы әлеуетін атап өтті. Ол сондай-ақ жаппай қоныс аудару кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған корей азаматтарына қазақ халқы қонақжайлылық көрсеткенін және осы арқылы екі ұлтты ортақ тарих байланыстыратынына тоқталды.

Оның айтуынша, Қазақстанның саяси және экономикалық маңызы зор. 2017 жылы Қазақстан EXPO Бүкіләлемдік көрмесін өткізіп, әлемдік қоғамдастыққа өзінің әлеуетін көрсетті. Бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас автомобиль, IT, медицина, өнеркәсіп және т.б. салалар секілді кең ауқымды қамтиды.

Юн Сок Ёль Корей мен Қазақстанның өндіріс орындары бір-бірін толықтыру арқылы нарық көкжиегін кеңейтетінін жеткізді. Сондықтан автомобиль құрастыру саласындағы өзара тиімді өнеркәсіптік кооперацияны өрістетуге мол мүмкіндік бар. Ал Қазақстан Президенті Корей Республикасының автобөлшектер өндірісінің кластерін құру үшін біздің елімізді таңдағанын атап өтті.

– Қазақстанда қазір Hyundai маркалы автомобильдер құрастырылады. Келесі жылы толық циклді KIA зауыты іске қосылмақ. Аталған жобаға 200 миллион доллар көлемінде инвестиция тартылды. Бұл ретте компанияның алғаш рет Оңтүстік Кореядан тысқары жердегі зауыт құрылысына қаржы салып отырғанын және ол үшін біздің елімізді таңдағанын атап өткен жөн. Оңтүстік Кореяның бірқатар компаниясы автомобиль өнеркәсібін дамытудың келесі кезеңіне кірісуді, яғни Қазақстанда автобөлшектер өндірісінің кластерін құруды жоспарлап отырғаны қуантады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Hyundai Motor Russia & CIS өңірлік штабпәтері басшысының орынбасары Им Дже У Қазақстанның табиғи ресурстарға бай екендігін және автомобильдендірудің дамығандығын ескере отырып, стратегия әзірленгенін атап өтті.

– Былтыр біз өзара түсіністік меморандумына қол қойдық. Қостанайда инвестиция көлемі 280 млрд долларды құрайтын KIA зауытының құрылысын бастадық. 2025 жылдың екінші жартысында зауыт толық қуатқа шығады деп күтілуде. Осы уақыт аралығында бізге салықтық жеңілдіктер мен инфрақұрылым берілді. Жаңа зауыт салу жобасы аясында Қазақстанда автомобиль өнеркәсібін дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. KIA – қазақстандық қоғамның жауапты мүшесі. Сондықтан біз Қазақстан Үкіметінің қолдауымен экономикаға және екі ел арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға елеулі үлес қосамыз деп үміттенеміз, – деді Им Дже У.

Astana Motors бас директоры, Бекнұр Несіпбаев, форумда Hyundai Motor компаниялар тобы өкілдерімен жүздескенін айтты. Қазіргі уақытта компанияларда үш қолданыстағы жоба бар. Оңтүстік Корея компаниясы технологияны, келісімді ұсынуға жауапты, оның негізінде қазақстандық компаниялар ел аумағында автомобильдер шығаруға құқылы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның кореялық серіктестерімен жасанды интеллект технологиясын дамыту, дата-орталықтар салу және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыттары бойынша бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін атап өтті. Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев осыған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жасалған келіссөздер бүгін жемісін бергенін жеткізді.

– Бүгінгі жиында біз екі құжатқа қол қоямыз. Біріншісі – білім беру саласы бойынша, яғни Қызылордадағы Қорқыт ата университеті Сеул ғылым және техника институтымен бірлесіп, қосдипломдық білім беру бойынша меморандумға қол қойды. Одан бөлек, университет базасында Seul-Tech Сеул Ұлттық ғылым университетімен бірге алғашқы жасанды интеллект мектебі құрылады.

Ал инвестициялық байланыстар туралы атап өтер болсам, облыс әкімі қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін кореялық With you E&C компаниясымен бірге келісімге қол қойды. Қазір өңірімізде жылына 500 мың тоннаға жуық қалдық шығарылады. Олар сұрыпталып, арнайы полигондарға жиналады. Дегенмен осы компания арқылы сұрыптау сапасын арттырып, өңдеу жұмыстарын жүргізуге ниеттіміз. Себебі бұл қалдықтарды ары қарай құрылыс және т.б. көптеген материалдарды әзірлеуге пайдалануға болады. Компания екі кезеңді қоса алғанда, жалпы 36 млн АҚШ долларына жуық инвестиция жасайды, – деді Ардақ Зебешев.

Бизнес-форум аясында жасалған келіссөздерден Қазақстан–Корей экономикалық қатынастарында елеулі серпіліс болатынын көреміз. Осыған дейін де екі ел арасындағы тауар айналымы мен инвестициялық ынтымақтастық жоғары деңгейде болды. Дегенмен соңғы іскерлік кездесулер жаңа толқын әкеледі деп сенемін.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫ РЕФОРМАЛАНАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар көлікті дамытуға және көлік саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы Жоғары аудиторлық палатаның есебін талқылап, тұрғын үй саясатын реформалау туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ Қазақстан мен Сингапур арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялады.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Жаңа Конституциялық реформаға сәйкес, Жоғары аудиторлық палата өзекті мәселелер бойынша жылына екі рет Мәжіліске есеп береді. Бүгін депутаттар палатаның көлікті дамытуға және көлік саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы есебін талқылады. Бұған дейін Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық және транзиттік хабына айналдыру туралы стратегиялық міндетін қойған болатын.

Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов 23 объектіде 3 трлн теңгені қамтитын аудит жүргізіліп, нәтижесінде 29 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 168 млрд теңге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарланғаны және тиімсіз пайдаланғаны анықталғанын айтты. Экономикалық шығындар мен жіберіп алған пайда 307 млрд теңгені құраған.

«Соңғы төрт жылда теміржол саласын дамытуға шамамен 2 трлн теңге, соның ішінде бюджет қаражаты есебінен 332 млрд теңге жұмсалды. Қомақты қаражат бөлінгеніне қарамастан, ол экономиканың жүктер мен жолаушыларды тасымалдау қажеттілігін үздіксіз және сапалы қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болып шықты. Соның салдарынан теміржол желілері, локомотивтер, вагондар әбден тозған», – деді Ә.Смайылов.

Жоғары аудиторлық палата төрағасы автожол саласындағы аудит нәтижелері де алаңдатарлық екенін атап өтті. Автомобиль жолдарын салуға, реконструкциялауға және күтіп ұстауға соңғы төрт жылда барлығы 1,9 трлн теңге бөлінген.

«Автомобиль жолдарының бұзылуына әкелетін негізгі факторлар – рұқсат етілген массадан асатын ауыр салмақты көлік құралдарының жүруі. Автоматтандырылған өлшеу стансалары орын алған бұзушылықтарды толық көлемде дұрыс рәсімдеп отырған жоқ. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда ауыр салмақты көліктердің жүруіне қатаң тыйым салу керек. Сондай-ақ мемлекетке келтірілген залал үшін жауаптылықты күшейту қажет», – деді Ә.Смайылов.

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов қосымша баяндамасында «Қазақстан темір жолы» АҚ компаниялар тобының қарызы 10 жылда 928 млрд теңгеден 2,9 трлн теңгеге дейін немесе 212,7 пайызға ұлғайғанын айтты.

«Акционерлік қоғамның 2014-2023 жылдардағы валюталық қарыздары бойынша бағамдық айырмадан келген залалы 765 млрд теңгені құрады. Табысы мен өзге де кірістері 881,3 млрд теңгеден 1,9 трлн теңгеге дейін ұлғайған. Осы кезеңде 283,4 млрд теңге көлемінде мемлекеттік субсидия алынған. Бұған қарамастан, 2014-2023 жылдардағы қызметінің нәтижесінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының өтімділігі 117 пайыздан 53 пайызға дейін төмендеген. Акционерлік қоғамға қаржылық және басқарушылық жаңғырту қажет екені анық», – деді Н.Сабильянов.

Талқылаудан кейін Мәжіліс Жоғары аудиторлық палатаның есебін назарға алып, Үкімет пен Көлік министрлігіне және «Қазақстан темір жолы» ҰК» акционерлік қоғамына ұсыныстарын берді. Оның ішінде қарыз жүктемесін азайту шараларын қабылдау, теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту, тасымалдаушының жаңғырту бойынша міндеттемелерін белгілеу, активтерді реконструкциялау және жаңарту, конкурстар өткізу процестерін цифрландыру арқылы әлеуметтік маңызы бар теміржол тасымалдарын мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің ашықтығын қамтамасыз ету, жеке инвестициялар арқылы магистралды теміржол желілерін дамыту үшін жағдай жасау, салмақ өлшемдері артып кеткен ауыр салмақты автокөлік құралдарын автомобиль жолдарына жібермеу шаралары жүктеледі.

Сондай-ақ депутаттар тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша заңды екінші оқылымда қабылдады. Жұмыс тобының жетекшісі Ұлықбек Тұмашинов заңды Мемлекет басшысының азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мәселесін шешу туралы тапсырмасын орындау мақсатымен Үкімет әзірлегенін айтты.

Депутат Ұлықбек Тұмашиновтың айтуынша, жаңа заңға «сатып алу құқығынсыз» азаматтарға жалға берілген тұрғын үйлерді – енді «жекешелендіру құқығын беру» туралы ұсыныс енгізілді.

– Бүгінде сатып алу құқығынсыз берілетін тұрғын үйлер халықтың әлеуметтік осал топтарына ғана берілетіні белгілі. Бұл азаматтарға жалға берілетін баспананы жекеменшік ретінде қалдық құнымен алуға мүмкіндік береді. Мұндай жаңа жекешелендіру құқығын – барлық өңірде 51 мың халықтың әлеуметтік осал топтарының азаматтары пайдалана алады. Яғни, жаңа заң 51 мың отбасына арендалық баспананы «қалдық құнымен» сатып алуға мүмкіндік береді, – дейді Ұлықбек Тұмашинов.

Депутат арендалық үйде тұрып жатқан әлеуметтік осал топтағы азаматтардан түрлі хат келетінін, сол хаттардағы өтініштерді ескеріп, арендалық үйлерді жекешелендіру құқығын беру керегін, егер азаматтардың арендадан жекешелендіргісі келмесе немесе қалдық құнын сатып алуға ақшасы болмаса, арендалық негізде де тұра беруіне болатынын, тіпті ары қарай ол үйде оның баласы тұра беретінін, оны ешкім шығарып тастамайтынын айтты.

Заң жобасындағы ұсынысқа сәйкес, алдағы уақытта Отбасы банкі толыққанды даму институтына айналады. Енді тұрғын үйге мұқтаж және Отбасы банкінде тіркелген азаматтар туралы мәліметтерді қамтитын «Тұрғын үймен қамту орталығы» жаңа электронды мәліметтер базасын құру көзделіп отыр. Жаңа заңға сәйкес, жергілікті атқарушы органдардан тұрғын үйді тіркеу, есепке алу және бөлуді Отбасы банкінің құзыретіне беру ұсынылды.

– Отбасы банкі екінші деңгейдегі банктер жүйесінде және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде сақталып қалды. Сондай-ақ Отбасы банкінің қызметін лицензиялау да сақталатын болады. Үкіметтің оң қорытындысы бар. Бүгінде «Отбасы Банкі» АҚ салымшыларының жалпы саны шамамен 2,7 млн адам. Биыл ақпан айындағы көрсеткішке сәйкес, банктің несие портфелі – 3 200 млрд теңге, – деді. Ұ. Шабданұлы.

Депутат ұсынған мәліметтерге сәйкес, елімізде 2017 жылдан бері республикалық бюджеттен қайтарымсыз негізде жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 418 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген және өңірлерде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 51 мың пәтер салынған.

– «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 13-бабының 8-тармағы бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрып жатқан үйлерді 11 санатқа «меншігіне өтеусіз алуға» қолданыстағы құқық сақталды. Оған қоса, жалғыз баспанасы «апатты тұрғын үй» деп танылған үйдің орнына берілген тұрғын үйге жекешелендіру құқығын беру енгізіліп отыр. Ол қолдау тапты. Бұл ұсыныс 1 600-ден астам азаматтың мәселесін шешуге бағытталған. Ал апатты жағдайдағы 3 700 баспананың бәріне үй беріледі және жекешелендіру құқығы бар. Бұл жұмыс негізінен қайта жаңғырту бағдарламасының аясында жергілікті әкімдіктер арқылы жүреді, яғни цифрлар өзгеріп отырады, – деді депутат.

Заң жобасындағы тағы бір жаңалық – мемлекеттің тұрғын үй қорынан ұйымдардың қызметкерлеріне берілген қызметтік баспананы жекешелендіру құқығын беру туралы норма. Бұл норма 10 жылдан астам еңбек еткендердің бәріне қызметтік баспана беріледі дегенді білдірмейді. Сәйкесінше, мемлекет берген қызметтік баспанада 10 жылдан артық тұрған азаматтарға жекешелендіру

> *Заң жобасындағы ұсынысқа сәйкес, алдағы уақытта Отбасы банкі толыққанды даму институтына айналады. Енді тұрғын үйге мұқтаж және Отбасы банкінде тіркелген азаматтар туралы мәліметтерді қамтитын «Тұрғын үймен қамту орталығы» жаңа электронды мәліметтер базасын құру көзделіп отыр. Жаңа заңға сәйкес, жергілікті атқарушы органдардан тұрғын үйді тіркеу, есепке алу және бөлуді Отбасы банкінің құзыретіне беру ұсынылды.*

құқығы беріледі. Заң бойынша мұнда да «қалдық құны» принципі қолданылады.

Қазір елімізде ресми ақпарат көздеріндегі дерек бойынша, баспана кезегінде 650 мың адам тұр. Депутаттың айтуынша, «Баспанамен қамту орталығы» құрылғаннан кейін осы 650 мың адамның бәрін қайтадан тексеріп, қарайды. Оның ішінде шетелге кетіп қалғандар, үй алғандар бар. Кезекті қайта қарау заңбұзушылықтарды болдырмау үшін қажет. Әр адам кезегін Отбасы банк платформалары арқылы онлайн көріп отырады, яғни заңбұзушылық болмайды. Оның бәрі ашық жарияланады.

– Заң жобасы бойынша 557 ұсыныс енгізілді. Жұмыс тобының 32 отырысы, комитеттің кеңейтілген отырыстары өткізілді. Жекелеген нормаларды нақтылайтын және заң жобасының мазмұнын жақсартатын түзетулер енгізілді, – деді депутат.

«Отбасы Банкі» АҚ ұлттық даму институтына айналып, тұрғын үйді орналастыру, есепке алу және бөлу функциялары жергілікті атқарушы органдардан осы институтқа беріледі. Екінші оқылымға дайындау барысында депутаттар «Отбасы банкінің» екінші деңгейдегі банктер жүйесінде және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде сақталуына бағытталған түзетулер енгізді. Сондай-ақ банк қызметін лицензиялау жалғаса береді.

Жаңа заңда халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған топтарының төрт санаты үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алудың басым құқығы сақталады. Тізімге мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, 1 және 2 топтағы мүгедектер енгізіледі. «Жесірлер» санаты жеке тәуелсіз санатқа бөлінеді. Түзетулер асыраушысынан айырылғандардың мүдделерін қорғау үшін енгізілуде.

Мәжіліс Қазақстан мен Сингапур арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісімді ратификациялады. Келісім 2023 жылғы 22 мамырда Астанада жасалған. Мақсаты – елдер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту. Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтің мәліметінше, Қазақстан мен Сингапур арасындағы көрсетілетін қызметтер саудасының көлемі 2023 жылы шамамен 10 млн АҚШ долларын құраған. Бұл ретте қазақстандық қызмет берушілер 3,5 млн АҚШ долларына, ал сингапурлықтар 6 млн АҚШ долларына қызмет көрсетті. Соңғы 10 жылда Сингапурдың Қазақстанға салған тікелей инвестициясының жалпы көлемі 1,7 млрд АҚШ долларын құрады. Жұмыс тобының жетекшісі Айтуар Қошмамбетовтың айтуынша, құжатты ратификациялау қазақстандық қызмет берушілерінің серіктес нарыққа қолжетімділігі үшін жағдай жасайды. Сонымен қатар Қазақстан капиталының қатысуымен кәсіпорындар құру, өзара инвестицияларды тарту және қорғауға бағытталған қосымша мүмкіндіктер қарастырылады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем алу тәртібін жетілдіру мәселелері туралы заң жобасы мен Салық кодексіне ілеспе түзетулер және бірқатар ратификациялық жоба бар.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 16 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болат Керімбек Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға жолдаған депутаттық сауалында «Болашақ» бағдарламасының жайын қозғады. Қазір айтылып жүрген «Бағдарламаны жабу керек!» деген ұсыныстарға қарсы пікір білдірген ол бір-екі адамның жағымсыз әрекетінен мыңдаған адамның жолын ашқан бірегей мемлекеттік бағдарламаны жабу дұрыс емес екенін айтады. Осы күнге дейін 12 мыңнан астам маман даярланған бұл жобаны ол керісінше дамыта түсуді ұсынады.

«Болашақ» бағдарламасы көптеген заң аясындағы актілермен реттелгендіктен, ол өз кезегінде құқықтық қиындықтар туындатуда. Сондықтан «Болашақ» бағдарламасының құқықтық мәртебесін заң аясында Үкімет бекітуі тиіс. Соған қоса, шетелде қорғалған диссертациялардың электронды банкін жасақтау қажет. Бұл ғылыми жұмыстардың ашықтығын қамтамасыз етеді. Тиісті мемлекеттік орган стипендианттарға ел экономикасына қажетті тақырып бойынша ғылыми жұмысын жазуға тапсырыс беруі қажет. Сондай-ақ оқуға құжат тапсыруды, кепілдікке қойылатын мүліктерді тіркеуді, тіркеуден шығаруды цифрландыру қажет. Бұл өз кезегінде ашықтықты қамтамасыз етеді», – деді ол.

Ал келесі бір депутат Нартай Аралбайұлы Ішкі істер министрі Ержан Саденовке жолдаған сауалында айдыңкүннің аманында отқарудан оқ атқан басбұзарлардың іс-әрекеттерін айыптады.

«Қазақ «біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» дейді. Өкінішке қарай, тойып секіріп, ақшаның буы ұрғандар өздерін өзгелерден биік қоятын ауруға шалдыққан. Оның емі – қатаң жаза ғана. Нақты мысалы күні кеше ғана Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Түрген ауылында болды. Үйлену тойының құрметіне серуенге шыққандар автомат пен тапаншадан оңды-солды оқ жаудырып, қаруды кезекпен алып, оқ атып қызық қуған. Қымбат көлік, көп ақша заңды белден басуға мүмкіндік беретін бассыздыққа әкелмеуі керек, бұл бұлжымас қағида емес пе?

Алайда ауылдың ортасында жауған оқтан қорқып қашқан қарапайым халықты да, тәртіп сақшыларын да көзге ілмеген ойсыз тойшылдар құдды бір 90-жылдарда жүргендей қаруды қалағанынша қолданған. Онысын абырой көріп видео-фотосын әлеуметтік желіге жүктеген. Бұл дегеніңіз тәуелсіз елдің заңын елемеудің, жазасыз қалатындарына сенімді болудың көпе-көрнеу көрінісі емес пе?

Абырой болғанда, қаңғыған оқтан жапа шеккен азамат жоқ. Бірақ үрейленген халықтың көңілі күпті. Себебі сіз бен біздің ата-әжеміз, ата-анамыз, бала-шағамыз, бауырларымыз, отандастарымыз жүретін көшеде қызық қуып оқ жаудыруға кім рұқсат берді?

Тағы бір сұрақ, ойсыз оқ атқандар автомат пен тапаншаны қайдан алған? Әлде оларға заң, құқықтық тәртіп жүрмей ме?», – деп ашынды «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі.

Нартай Сәрсенғалиевтің айтуынша, бұл – желіккен жастардың жай ғана бұзақылығы емес, мемлекеттік тәртіпке, заңға ашық қарсылығы. Халықтан, елдің ішкі қауіпсіздігі мен қоғам тыныштығына жауапты құқық қорғау органдарынан еш айылын жимай, «Ал не істеп аласың?» деп дөңайбат көрсетуі. Айтпақшы, азаматтардың өмірін қатерге тігіп, ауылдың ортасында оқ атқандар бейнекамераға қарап кешірім сұрап, жазадан құтылып кетпеуі керек. Мұндай тәсілден елдің әбден ығыры шықты.

«Қорыта келе жауапты органдарға келесі шараларды қолға алуды ұсынамын. Біріншіден, Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын күшейтіп, түлектердің кештерінде заңсыздық болмауы үшін рейдтер жүргізуі қажет. Прокуратура, Сот-тергеу органдары Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Түрген ауылында болған оқиғаны саралап, оған қатысы бар азаматтарға заңға сай қатаң жаза кесуі керек. Ал Ішкі істер министрлігі қарапайым азаматтардың қолындағы қаружараққа инвентаризация жүргізіп, олардың заңға сәйкес келмейтінін тәркілеуі қажет. Және осы саланы реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қатаңдату керек», – деді ол.

ВАНДАЛИЗММЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны аясындағы road-эстафета жалғасуда.

Road-эстафетаның екінші күнінде Астанадан шыққан алдыңғы топ пен Қарағанды белсенділері «Спасск» мемориалды кешенінің аумағын қоқыстан тазартып, вандализм іздерін жойды. Белсенді топ Ақсу-Аюлы және Шет ауданының аумағын жүріп өтіп, Балқашқа қарай бет алды.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова road-эстафета аясында жан-жақты жұмыс жүргізілетінін айтты.

«Бүгін road-эстафетаның екінші күнінде қоқыспен бірге вандализммен күресудеміз. Қарағанды-Балқаш бағытында кездескен ескерткіштерді де ретке келтірудеміз. Өздеріңіз білесіздер, вандалдық әрекеттердің жиілеп кетуіне байланысты Қылмыстық кодекске арнайы бап енгізіліп, құқықбұзушылықтарды жазалау шаралары күшейтілді. Бұл вандалдармен күресте қолданылатын жақсы тәсілге айналды. Былтыр қазан айында бастау алған вандализммен күрес республикалық акциясы road-эстафетада да көрініс табуда. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан белсенділердің көңіл күйі жақсы. Кеше Астана – Қарағанды тасжолында 1 күннің өзінде 13 тонна қоқыс жинадық. Автокөлікпен жол бойында кетіп бара жатқанда қоқыстар көзге көрінбейді. Ал шын мәнінде қоршаған ортамызда қоқыс өте көп. Сондықтан жастар атынан барлығыңызды тазалыққа, саналы экологиялық орта құруға шақырамын», – деді ол.

Жастарға Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы қосылып, вандализмге ұшыраған ескерткіштерді бірге ретке келтірді.

«Акцияның пайдасы зор. Мысалы, кеше өз басым 3 қап қоқыс жинадым. Бүгін жастардың қатарына қосылдым. Вандалдардан кейінгі қалған ізді жойып, тасжол аумағы мен оған қарасты аймақтарды қоқыстардан тазартудамыз. Сондай-ақ Ақсу-Аюлы халқымен де кездесіп үлгердік», – деді Жарқынбек Амантайұлы.

Депутат Ақсу-Аюлыда азаматтарды қабылдап, халықтың өзекті мәселелеріне құлақ асты.

Сондай-ақ белсенділер Қарағанды – Балқаш тасжолы мен оның аумағын қоқыстан тазартып, сұрыптауда. Жиналған қоқыс қаптарға салынып, «ҚазАвтожол» машиналарына тиеліп, қоқыс полигондарына шығарылады. Ал қатты қалдықтар «Қазақстанның қайталама шикізат өңдеушілер қауымдастығы» басқармасының қолдауымен қайта өңдеуге жіберілетін болады.

«Өте жақсы бастаманың куәгері болып отырмыз. Экологиямыз үшін қоқысты сұрыптау маңызды. Өздеріңіз білетіндей, дамыған елдер тұрмыстық қалдықтарды қайтадан өңдеп, барынша кәдеге жаратуда. Бұл үрдіс бізге де аса қажет. Сұрыптау – қоқыс көлемін азайтуға, табиғи ресурстарды үнемдеуге және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан жастар қанатының бұл бастамасын біз қуана қолдаудамыз», – дейді қауымдастық төрағасы Батырбек Әубәкіров.

Еске сала кетейік, былтыр 20 қазанда «Жастар Рухы» жастар қанаты Қазақстанның тарихи, мәдени және табиғи мұрасын вандализмнен сақтауға бағытталған республикалық ауқымды акция бастады. 2 500-ден астам «Жастар Рухы» белсендісі мен волонтері 500-ден аса тарихи, мәдени ескерткіштерді тазартты. Акция барысында «Таңбалы тас» петроглифтерін, «Ақбауыр» шатқалын, Ш. Құдайбердіұлының, С. Сейфуллиннің, Бөгенбай батыр, Кенесары хан ескерткіштерін, «Тектұрмас» кесенесін, «Ыбықты сай» шатқалын, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы қорғанын, «Шақпақ ата», «Сұлтан Үпі», «Қараман ата» жерасты мешіттерін қоқыстар мен жазулардан тазартты. Акция күні бүгінге дейін республиканың барлық аймағында жалғасуда.

«БЕЙБІТШІЛІК және КЕЛІСІМ КЕРУЕНІ» КӨПКЕ ҮЛГІ

Қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті нығайту, сондай-ақ Қазақстанды этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында бірегей тәжірибесі бар ел ретінде ілгерілету және басқа да өзекті тақырыптар «Азия және Еуропа халықтары мәдениеттерінің шығармашылық фестивалі» аясындағы «Халықаралық бейбітшілік және келісім керуені» атты дөңгелек үстел барысында талқыланды.

Іс-шара «AMANAT» партиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен «Бейбітшілік және келісім» қайырымдылық қорының бастамасымен өтті. Қатысушылар түрлі этнос өкілдері арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту, өзара мәдени алмасу, сондай-ақ Қазақстанның этносаралық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы бірегей тәжірибесін ілгерілету мен таратудағы халықтық дипломатия факторын талқылады.

«AMANAT» партиясының саяси платформасында айтылғандай: бейбітшілік, келісім және бірлік – біздің мемлекетіміздің негізі. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту – елдің басты басымдықтарының бірі. Керуенге қатысушылар халықаралық қоғамдастықта халықтық дипломатия қағидаттары бойынша еліміздің оң имиджін дамытуды жақтайды. Бұл жерде ерекше терең мағына бар – Қазақстан азаматтары әлемге өздерінің ашықтығын көрсетуде», – деді «AMANAT» партиясы саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев.

Кездесуге қатысушылар «Азия және Еуропа халықтары мәдениеттерінің шығармашылық фестивалі» халықаралық бейбітшілік және келісім керуенінің II кезеңінің басталуын талқылады. «Бейбітшілік және келісім» қайырымдылық қорының президенті Руслан Абдуллиннің айтуынша, керуен мәдени мұра мен шығармашылықтың жетістіктерімен өзара алмасуды күшейтуге және әртүрлі елдің халықтары арасындағы байланысты нығайтуға арналған.

«Біздің қызметіміз 1995 жылы, Қазақстаннан келген белсенділер тобы жанжал тараптарын келіссөздер үстеліне отыруға шақыру үшін Шешенстанға барған кезде басталды. Бұл халықтық дипломатияның миссиясы болды. Қазір біз Ту шерулерін, концерттік бағдарламалар мен мерекелер өткіземіз. Біздің міндетіміз – елдегі тыныштық пен бейбітшіліктің басты кепілі халық екенін көрсету. Барлық жерде Қазақстанның Туы мақтаныш. Айта кетейін, біз Кавказға барған кезде жергілікті тұрғындардың кейбіреуі бізбен қазақ тілінде сөйлесті. Өткен ғасырдың 40-жылдарында қазақ жерінен баспана тапқандар бұны ұмытқан жоқ, кейінгі ұрпаққа да айтып жүр», – деді ол.

«Қоғамдық келісім» РММ бас сарапшысы Талшин Италиева этносаралық саладағы жанжалдардың алдын алу мәселесі туралы айтып берді.

«Этномедиацияны дамыту 2015 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің басты бағыттарының бірі. Өңірлерде ҚХА медиация кабинеттері ашылып, 1000-нан астам адам этностар арасындағы жанжалды жағдайларды болдырмау бойынша оқудан өтті. Этномедиацияны дамыту этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың жаңа кезеңі және әртүрлі тәуекел мен сын-тегеуірінің алдын алуға әрқашан дайын болу қажеттігін білдіреді», – деді ол.

Дөңгелек үстел барысында Ішкі істер, Мәдениет министрліктерінің, Ұлттық ұланның өкілдері, түрлі қоғамдық және этномәдени бірлестіктердің мүшелері сөз сөйледі.

РИЕЛТОРЛЫҚ САЛА РЕТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қызметі мемлекет тарапынан реттелмейтін риелторлардың халыққа тізесі батып барады. Құзырлы органдардың, депутаттардың, сарапшылардың айтуынша, олар аярлық жасап, елді алдайды, билігін пайдаланып, белден басады. Сондықтан Ұлттық экономика министрлігі бұл салада реформа бастауды ұсынып отыр. Мәселен, оларды адвокат, нотариус сияқты өзін-өзі реттеуші ортақ палаталарға, бірлестіктерге біріктіріп, солар тарапынан бақылау орнату мәселесі пысықталады.

Елдос СЕНБАЙ

БАСПАНАНЫ «ҚАҚПАНҒА» АЙНАЛДЫРҒАНДАР

Полицияның баянаттары мен ақпараттар легі риелторлар жасап жатқан қылмыстарға толы. Мысалы, осы дүйсенбіде, 10 маусымда ІІМ Қарағанды облысында 14 пәтерді заңсыз иемденген «қара риелторларды» әшкерелегені жария болды. Қылмыстық топты Қарағанды облысы Полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы тауып, құрықтады. Топ құрамына заңгерлер, адвокаттар, бір нотариус кірген. Олар қорқыту және зорлық-зомбылық көрсету арқылы зейнеткерлердің, мүгедектердің, маскүнем, нашақор жандардың мүліктері мен пәтерлерін заңсыз рәсімдеумен айналысқан.

– Осылайша, олар 14 пәтерді заңсыз рәсімдеді. Қылмыстық топтың белсенді бір мүшесі – деструктивті діни ағымның жақтаушысы. 13 мамырда тінту іс-шараларын жүргізу барысында әртүрлі жылжымайтын мүлік пен жеке тұлғалардың жеке деректеріне қатысты көптеген құжат тәркіленді. Қылмыстық топтың 28 мүшесі ұсталды. Олардың басқа да ұқсас қылмыстарға қатысының баржоғы тексерілуде. Тергеу аса ірі мөлшердегі алаяқтық фактісі бойынша жүргізіліп жатыр, – деді ІІМ Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің өкілі Қуандық Алпыс.

«Қылмыстық топ заңгерлерден, адвокаттардан және нотариустан тұрса, мұның риелторлыққа қандай қатысы бар?» деген сауал туындауы мүмкін. Шынында, кез келген адам риелтор бола алады, оның арнайы оқуы, жеке мамандығы жоқ.

Ұлттық экономика министрлігінің түсіндіруінше, жылжымайтын мүлікті сату және жалға беру бойынша белгілі бір ақыға делдалдық қызмет көрсететін, өздерін «риелтор» атайтын адамдардың басым көпшілігі шынында пәтерін, коммерциялық мүлкін сатушылардың хабарландыруларын, жарнамасын жолай «агрессивті түрде тұтумен» ғана айналысады. Бұл ретте жылжымайтын мүліктің қожайындары да, риелторлар да хабарландыру орналастырудың бірдей интернет платформаларын, әлеуметтік желілерін пайдаланады.

Нәтижесінде, риелторлардың бүкіл қызметі мүлік сатушының телефон нөмірін және мекенжайын берумен, клиентке қоса еріп барып, баспананы, коммерциялық мүлікті көрсетумен, ары дегенде, таныс, ымыралас нотариуске бағыттаумен шектеледі.

Қазақстан риелторларының біріккен қауымдастығы дабыл қағып келеді: алаяқ риелторлар қазақстандықтарға және шетелдік қонақтарға шын мәнінде қолында жоқ пәтерлерді «жалға беретінді» шығарды. Олар өздерін «ақпарат агенттіктері» деп атайды: тиісінше, клиентімен бірге пәтерді көруге еріп бармайды, тек тиісті ақысын алған соң сатылатын не жалға берілетін баспананың нақты адресін ұсынады. Ізінше аталған пәтер иесінің ол делдалмен еш қатынасының жоқтығы анықталады. «Агенттіктің» нөмірі белгілі бір уақыттан соң байланыс аясынан тыс, ағытылып қалады. Соның кесірінен, азаматтар электронды аударған қаражатын кері қайтара алмайды.

«Бірер жыл бұрын «ақпараттандыру орталықтары» дегендер қаптап, жылжымайтын мүлік саудаланатын барлық сервис пен сайтты толтырды. Бұл Алматы нарығынан басталды. Алдымен олар маркетинг пен пиарын ілгерілетуге мән береді, яғни түрлі жарнама беріп, арзан пәтерлермен жұртшылықтың назарын өзіне аударады. Олардың хабарландырулары көбіне кәсіби түрде жасалады, әдемі фотосуреттермен әрленділіреді. Құрбандарын қызықтырып, құрыққа түсірудің барлық тәсілін пайдаланады. Төмен бағаға ынтығып, қоңырау шалған клиенттерді кейде офиске шақырады. Мүлік иесінің телефонын және мекенжай туралы ақпаратты бермес бұрын көз қылып, әлдебір келісімге қол қойғызуы да мүмкін. Осыдан кейін өз қызметіне ондаған мың теңге ақы алады», – дейді жылжымайтын мүлік саласының белгілі эксперті Лариса Степаненко.

Оның айтуынша, сазға отырғанын түсінген клиенттер ары қарай ешқандай іс-қимыл жасамауы, полицияға жүгінбеуі үшін алдаусыратады, жалған үміт «сыйлайды», басқа мекенжайларды беріп, сенделтеді. Артынша ізім-ғайым жоқ болып кетеді.

Тіпті, жұмысын жалғастыра беретіні жетерлік. Өйткені сарапшының айтуынша, келісімде олар тапсырыс берушіні баспанамен қамтамасыз ету бойынша ешқандай жауапкершілік арқаламайтынын нақты жазып қоятындықтан, заң жүзінде мін тауып, сотқа тарту қиын. Олар тек ақпаратты – жылжымайтын мүлікті жалға беретін немесе сататын мүлік иелерінің телефон нөмірлерін ұсынады. Ол ақпаратты интернеттен ала салуы да мүмкін. Салдарынан ілуде біреуі ұсталғанымен, жазасыз құтылып кетіп жатады.

Алматыда «ойдан шығарылған» баспаналарды жалға берумен айналысқан кезекті риелтор әшкереленді. 1998 жылы туылған азаматша пәтерлердің нарықтағыдан көп арзанға жалға берілетіні туралы интернет пен әлеуметтік желілерде фейк хабарландырулар орналастырып келген. Клиенттермен телефон арқылы ғана сөйлескен. Оларды көндіру үшін қызметінің ақысын толық емес, тек бір бөлігін төлеуге келіскен. Ақша түсісімен, клиентті бұғаттап тастайды немесе ұялы телефондарын ұзаққа сөндіріп қояды. Әйелдің үстінен Қылмыстық кодекстің 190-бабы («алаяқтық») бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

ҮКІМЕТ КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІП ЖАТЫР

Премьер-Министрдің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаев депутаттарға жауабында риелторлар бассыз кете бермейтінін, саланы тәртіпке келтіру бағытында жұмыстар басталғанын жеткізді.

– Елдегі риелторлық қызметті заң жүзінде реттеу қажет. Бұған риелторлардың тұтынушыларды алдауы, оларға деген сенімсіздіктің өсуі, көрсетілетін қызмет ақысын шектен тыс көтеруі, алаяқтық сияқты теріс факторлар түрткі болып отыр. Риелторлық қызметті нормативтік реттеу тәсілдемелерін әзірлеу мақсатында Үкімет тиісті дайындық іс-шараларын жүргізіп жатыр. «Атамекен» палатасының, «Қазақстанның өзін-өзі реттеуші біріккен қауымдастығының», «Орталық Азия қауымдастығының» және басқа да ұйымдарының өкілдерімен бірқатар кеңес өткізілді. Оның қорытындысында «Жылжымайтын мүлік нарығындағы риелторлық қызметтер» ұлттық стандарты базасында «кәсіби риелтордың» критерийлерін жасау ұсынылды, – деді Ғалымжан Тельманұлы.

Бұл – бір. Екіншіден, адал риелторлардың бірыңғай, жұртқа жария электронды тізілім-реестрін қалыптастыру және онда әрбір нақты риелтордың біліктілігін, тәжірибесін және басқа мәліметтерін көрсету пысықталады. Үшіншіден, риелторлар мен клиенттер арасында жасалатын мәмілелерді уәкілетті органдарда тіркеу бойынша талап заң жүзінде бекітілуі мүмкін.

Төртіншіден, Еңбек, Қаржы министрліктері өзін-өзі жұмыспен қамтушы саналатын риелторларға медициналық сақтандырылуға, зейнетақы жинағын жинауға, салық төлеуге мүмкіндік беру үшін Yandex taxi үлгісінде платформалық еңбекпен қамтудың пилоттық жобасын жүзеге асыруы керек.

Бесіншіден, риелторлық қызметі үшін төленген әрбір чектен 1% ставкасымен салық жинау үшін арнайы салық режимін осы салаға да тарату мәселесі қарастырылады.

Вице-премьер риелторлар қызметін реттеу үшін заңнамалық түзетулер қабылданатынын хабарлады. Реформа әлгінде айтылған және басқа да ұсыныстарды ескереді. Оның аясында риелторлар қызметіне міндетті өзін-өзі реттеуді енгізу ұсынылып отыр. Ғ.Қойшыбаев бұл шаралар «риелторлардың қызметін тәртіпке келтіруге, риелторлық қызмет көрсету сапасының стандарттарын әзірлеуге, сондай-ақ тұтынушылардың құқығын қорғауға мүмкіндік беретінінен» үміт білдірді.

«ЭКСКЛЮЗИВТІ» ТҰЗАҚ

Әзірге риелторлар қазақстандықтарды қан қақсатуын жалғастыруда. Жылжымайтын мүлік маклерлерінің қиянатына, «тонаушы комиссиясына», біліксіздігіне шағымдар әлеуметтік желіні кернеп тұр. Әміре есімде азамат пәтер сату кезінде риелторлардың алатын комиссиясы орта есеппен 500 мың теңгені құрайтынын айтады. Өйткені өз қызметіне баспана құнының 10-20 пайызына дейін ақы алады. Олардың тарифін ешбір мемлекеттік мекеме, тіпті антимонополиялық орган реттемейді. Өзім би, өзім қожа режимінде қалаған ақысын бекітеді. Ол ол ма, бұл ақыны риелторлар пәтер сатушыдан да, сол пәтерді сатып алушыдан да өндіреді. Яғни, әр баспанадан қаржыны миллиондап қалтасына басады.

Үй иесі не сатып алушы қымбат ақысын төлемейін десе, өзара келісімшартта кішкентай әріппен барлық даудың төрелік сот-арбитражда шешілетіні жазылған.

«Төрелік сот дегені – жеке сот. Дауларды шешудің мемлекеттік емес институты саналатын арбитраждар өз өкілеттігін асыра пайдаланады, әділетсіз, заңсыз шешімдер қабылдайды: қалпымен, риелторларды жақтап, соның пайдасына шешім шығарады. Бұл жерде судьялардан айырмашылығы сол, арбитрлар ешқандай жауапкершілік арқаламайды, оларды риелторлармен астыртын ымыраласудан, алдау мен алаяқтықтан ештеңе де тоқтата алмайды. Бұған қоса, Қазақстанда төрелік сот құру – күрделі емес: ЖШС құрсаң, заңгерлік білімі бар кез келген адамды жалдасаң болды, қалағаныңша сот төрелігін жүзеге асыра бересің. Арбитрларға қойылатын біліктілік талаптары төмен», – дейді Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков.

Соңғы үш жылда республикада жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша 1,4 миллионнан астам мәміле бекітілген: 2021 жылы – 606 056, 2022 жылы 465 822, 2023 жылы – 370 551 мәміле. Депутаттың айтуынша, Krisha.kz сияқты мамандандырылған сервистерде, басылымдарда мүлік сату туралы орналастырылған хабарландырулардың кем дегенде жартысын риелторлар жариялаған. Салдарынан халық пен бизнеске солармен жұмыс істеуден басқа амал қалмайды.

Ұлттық экономика министрлігінің сарапшылары тағы бір жайтқа назар аудартты: риелторлар мүлік иелерін «эксклюзивті келісімшарттарға» қол қоюға көндіреді. Оған сәйкес, бұл пәтерді не коммерциялық мүлікті тек сол ғана сата алады. Салдарынан мұндай жағдайда біріншіден, мүлік иесі онысын тіпті өз бетінше де сата алмайды: тіпті өзі өткізсе де риелтордың ақысын бәрібір төлеуі керек.

Екіншіден, ол сауатты, пысық, білікті өзге риелтордың қызметіне жүгіну құқығынан айырылады. Соның кесірінен «эксклюзивті» риелторының әрекетсіздігіне, жалқаулығына, біліксіздігіне, дөрекілігіне және басқа теріс қылығына көңілі толмаса да, үнсіз көнеді. Әйтпесе, төрелік сотқа сүйрейді.

Ұлттық экономика министрлігі эксклюзивті келісімшарттарда риелторлар өз талаптарын бұзғаны үшін мүлік иелеріне жоғары айыппұл санкцияларын салатынын жеткізді. Ол айыппұлды риелторлар сот арқылы, сондай-ақ соттан тыс тәсілдермен де өндіріп алады екен. Сөйтіп, ары таза емес риелторға жүгінген қазақстандықтар төл мүлкіне иелік ету құқығынан айырылады.

Осының бәрі бұл саланы тезірек заң жүзінде қатаң реттеудің қажеттігін көрсетеді.

Қазақтың танымал геолог-ғалымы Қаныш Сәтпаевтың 125 жылдығына арналған биылғы «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесінің үшінші маусымы өз мәресіне жетті. Жеңімпаздар анықталып, күзде өтетін халықаралық марафон-бәйгеге жолдамалар үлестірілді. Алдағы үш айда командалар тынымсыз дайындықта болады. Оның үстіне, бұл жарысқа алыс-жақын шетелдерден бірнеше команда келуге ниетті. Осы орайда екі жыл қатарынан «Ұлы дала жорығының» жеңімпазы атанған Жетісу өңірінің команда жетекшісі Рүстем Досжанов мырзамен жолығып, өткен жарысты талқылап, алдағы әлемдік деңгейдегі додаға дайындық туралы сұрап-білген едік.

«Ұлы дала жорығы» ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙІКТІ ЖОБАСЫНА АЙНАЛДЫ

Рүстем ДОСЖАНОВ,
шабандоз:

– Жарыс жеңімпаздары мен нәтижелерін болжауда қандай негізгі критерийлерге, әдіс-тәсілдерге сүйенесіз?

– Өзіңіз білесіз, «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесіне еліміздің түкпір-түкпірінен «сен тұр, мен атайын» деген мықты командалар қатысты. Биыл үшінші рет өткендіктен, шабандоздарда біраз тәжірибе жинақталған. Шыны керек, өткен жылдың чемпионы бола тұра, осы атақты биыл да сақтап қалу біз үшін оңайға соққан жоқ. Бәсекелестер осалемес. Шамашарқымызша жақсы дайындықпен келуге тырыстық. Қаңтар айынан бастап аттан түскен жоқпыз.

Былтыр 1 300 шақырымға шапқанда, 10 ат қатысты, бір рет жылқы ауыстыруға мүмкіндік берілді. Сол себепті ат таңдау мәселесі қиындау болды. Биыл 500 шақырымға шаптық. 5 ат қана қатыстырылды, сол себепті де атты таңдап, дайындау анағұрлым оңай болғаны тағы бар. Сонымен қатар былтыр алғашқы 10 күнде бар күшімізді салмай, асықпай, үздік үштік-төртікте жүріп отырдық. Соңғы 2-3 күн қалғанда ғана бар күш-жігеріміздісалып басқанымыз рас. Биыл жарыс бес күн ғана болғандықтан, «мен» деген командалар алғашқы күннен бастап уақытқа жұмыс істей бастады. Сол себепті біз де стратегиямызды аяқастынан ауыстыруға мәжбүр болдық. Командалардан кем дегенде отыз минут алға озып, содан кейін барып асықпай желіске бастық. Осындай амал-тәсілмен биыл жұмыс істедік. Ең бастысы, қанша озсақ та, басты мақсат аттарды шаршатып, болдыртып алмау болды.

Тағы бір маңызды жайт, алғашқы күндері қарсылас командалардың аттары неге жарайтынын, қандай осал және ұтатын тұстары барын байқап, меңзеп алдық. Содан кейін барып өзіміздің жоспар-бағдарымызды құрдық.

– Бәйге-марафон барысында ұйымдастырушылар мен қатысушылар қандай қиындықтарға кезікті және оларды қалай жеңе білді деп ойлайсыз?

– Алдыңғы жылғы маршрутқа қарағанда биылғы Павлодар–Астана бағытындағы жол анағұрлым ыңғайлы болды, оны мойындау керек. Жер болғасын, сазы да, тасы да болады. Оған қоса, жауыны, желі бар. Күннің суықтығы – өз алдына бір хикая. Жарысқа қатысқан командалардың барлығының да тәжірибесі мол болғандықтан, ешкім аса бір қатты қиналды деп айта алмаймын.

18 өңірден қатысушылар келді, яғни сан алуан пікір мен көзқарас болды, дау-дамай да туындамай тұрмайды. Бәріне бірдей жағу, көңілін табу оңай емес. Дей тұрғанмен, «Жорық» федерациясының жігіттеріне алғысым шексіз. Олар барлығын әділ шешіп, ұйымдастыру жұмыстарын толыққанды жүргізді.

Әсіресе, төрешілердің әділдікке негізделген жұмысын ерекше атап өтер едім. Бас төрешіні алыс шетелден алдыртыпты, өзімізден адам табылмағаны ма дегендердің қарасы көп болды. Бұл – жеңіле білмейтіндердің артық әңгімесі. Отандық төрешілердің қандай да бір аймаққа, командаға бүйрегі әркез бұрып тұратыны жасырын емес қой. Сондай тұстарды болдырмау үшін ешкімге алып-кетері жоқ, бейтарап адамды арнайы алыстан шақырғаны өте дұрыс шешім болды деп санаймын.

– Өткен жылдармен салыстырғанда биыл командалардың қатысуында қандай өзгеріс, шараны ұйымдастыруда жаңалық байқадыңыз?

– Басты байқағаным, командалар биыл бірыңғай киім үлгілері мен аттардың жағдайын жақсартқан. Алдыңғы жылдары шабандоздардың салмағы да ауыр болатын, ол атқа қосымша күш салатыны анық. Биыл командалар оғандаерекше мән берген. Жарысқа қатысқан шабандоздардың салмағы әжептәуір жеңілдеп қалғанын бірден байқадық. Аттардың жайкүйі де жоғары деңгейде. Алдыңғы жорықтарда мәреге үш-төрт команда әрең жеткен болса, биыл бірден он команда мәре сызығын жеңіл кесіп өтті.

Бір байқағаным, өткен жылы да, биыл да біз мәреге үш атпен жеттік. Маңғыстау, Алматы мен Жамбыл төрт ат болып келді. Бұның барлығы командалардың ат таңдау жағынан мол тәжірибе жинағандарын аңғартады.

Ұйымдастырушылар биыл жарысқа тағы бір өзгеріс енгізіп отыр. Тұқымдар арасында бір-бірін артқа тартпасын деп, жеке тұқым дәлелдеу мақсатында жаңа формат енгізді. Ол үшін арнайы қазақтың тұқымдарын біріктіретін «Рекорд» командасы жасақталған. Оның құрамында алты шабандоз шауып, төртеуі мәреге дейін сүрінбей жетті.

Қазақта әр өңірде кемінде бір тұқымнан болған ғой, соны қалпына келтіру ісін JORYQ ат спорты федерациясы қолға алып отыр. Құптарлық бастама. Бұл қазанаттар мен азаматтарды дәлелдеумен қоса, тұқымдардың статус алуына өзіндік септігін тигізетін бастама бола ма деп ойлаймын. Қазіргі таңда Жетісу арғымақтары командалық жарыста да, жеке тұқымдар арасындағы бәсекеде де өздерінің мықты екендерін дәлелдеп отыр.

Ветеринар дәрігерлердің жұмысын да ерекше атап өткім келеді. Мал дәрігерлерінің асқан шеберлігі болмағанда биыл жарысқа қатысып, ауырған аттардың көбісі мәреге жетпей қалар ма еді. Алайда олай болған жоқ. Бір-екі ат қана болмаса, қалғандарының барлығы, тіпті іші өткен аттардың өзі мәреге дейін аман-есен жетті.

Ұйымдастырушылар биыл аттардың жүретін жолын да өте жақсы таңдапты. Жолдың барлығы атқа ыңғайлы жазық далалы, салқын желді, көгал болды. Суды да кешіктірмей, дер кезінде жеткізіп отырды. Алдыңғы жылы кеткен барлық олқылықтар ескерілген.

– Марафон-бәйгеге қатысу барысында өздеріңізге қандай міндеттер мен мақсаттар, талаптар қойдыңыздар?

– Осы жобаның авторы Бақытжан Тұрлыбеков пен бастамашы жігіттер үлкен істі қолға алып отыр.

«Ұлы дала жорығының» басты идеясы аттарды оздырып, ұзақ шақырымды қысқа уақытта шауып өту ғана емес. Оның мәні тереңде жатыр. Ең бастысы – қазанаттар мен азаматтарды халық арасында кеңінен танымал ету. Екіншіден, ұлттық брендті қалыптастыру, асылтұқымды аттарды сұрыптау мен насихаттау. Одан қала берді, біздің ата-бабаларымыз аттың тұяғымен, найзаның ұшымен ұланғайыр жерге ие болып, оны аман-есен сақтап қалып, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізгенін де халық арасында кеңінен дәріптеу – бүгінгі күннің батырларына бұйырған үлкен жауапкершілікті талап ететін ігі шара.

Өзімізге қойған басты міндет пен мақсат өткен жылғы чемпиондық атақты сақтап қалу үшін шабандоздар мен аттарды жоғары деңгейде дайындау болды. Алдыңғы жылғы жіберілген қателіктермен біраз жұмыс істедік. Қаңтар айынан бастап үздіксіз жиындар өткіздік. Сол кездің өзінде биылғы «Ұлы дала жорығында» қайткенде де жеңіске жетіп, күзде өтетін халықаралық жарыста еліміздің көк туын желбіретсек деген ұлы мақсат қойғанымызды жасырмаймын. Бірінші мақсатымыз орындалды. Енді келесі межеге дайындықты одан да күшейтіп, білекті сыбана жұмысқа кірісіп кеттік.

Дүниежүзілік көшпенділер ойыны қарсаңында өтетін «Ұлы дала жорығында» Жетісу өңірінің арғымақтарының мәртебесі мен мерейін үстем етіп, мықты тұқым екенін дәлелдеп, статус алып шықсақ деген асқақ арман бізде де жоқ емес. Сол мақсатта тер төгіп, еңбектеніп жатырмыз. Оның нәтижесін алдағы қыркүйек айында көрерсіздер.

– Осы жылғы тәжірибеңізге сүйене отырып, алдағы уақытта жобаға қандай өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізуді ұсынар едіңіз?

– Алдағы күзде өтетін жарысқа еріктілердің (волонтер) көмегі қажет болатын сияқты. Себебі алыс-жақын шетелдерден шабандоздар келетін болса, әрбір 5-10 шақырым жерде жол бағытын меңзеп, қандай да басқа қажетті көмек беруге дайын тұратын еріктілер болса, жақсы болар еді. Оған қоса, мүмкін болып жатса, жол бойы, әрбір бұрылыста арнайы нұсқаулар орнатылса. Командалар ережені бұзбай, тек қана бекітілген картамен ғана жүрсе екен.

Ветеринар дәрігерлер мәреге аяғын әлсіз ғана сілтеп келген аттарды бірден жарыстан шығара салмай, демалысқа белгіленген уақытта тұлпарларға тиісті массаждарын, ем-домдарын жасатуға мүмкіндік беріп, келесі жарыс алдында тағы бір тексеріп шықса деген тілек-өтінішіміз бар. Себебі ақсаудың да түр-түрі болады ғой. Аяғын жай ғана тіреп қалған аттарды қисынсыз шығарып тастамай, тағы бір мүмкіндік берсе. Келесі елу шақырымды жүріп өткенде ақсаған жері асқынып, тіпті жарамай бара жатса, жарыстан шығарса, еш өкініш те, реніш те болмайды деп ойлаймын жарысқа қатысушылар тарапынан. Өйткені кейбір аттар аяқасты табанымен тас басып кетіп, уақытша ғана ақсаңдап қалатын сәттер болады. Келесі күні ары қарай басып кетіп, соңына дейін жетіп жатқан аттарды көрдік. Сол себепті осы жағынан жеңілдіктер болса құба-құп.

– Биылғы жылдың күзінде «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің халықаралық кезеңі өтеді. Сіздің ойыңызша, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңындағы «Ұлы дала жорығының» ерекшелігі мен маңыздылығы қандай болмақ?

– «Ұлы дала жорығының» болашағы зор деп есептеймін. Биыл алғаш рет халықаралық деңгейде өткізілгелі отыр. Бұл – біз үшін үлкен сын әрі абырой.

Атты қолға үйреткен жер дәл осы Алаш жері екенін ғалымдар дәлелдеп, бүкіл әлем мойындап отыр. Сол себепті қазақтың тұлпарларын дәріптеудегі басты мақсат – ұзақ қашықтықты жеңіл еңсере алатынын дәлелдеп беру бүкіл әлемге.

Арамызға қыздардан жасақталған команданың қосылып жатқаны да ерекше қуантады. Жігіттер тұрмақ, қыз балалардың атқа мініп, шапқанын, ұзақ қашықтықты бағындыра алатынын, жігіттерге есесін жібермей, тайталаса алатынын басқа қай елден көресіз?! Әлемде бар шығар – араб елдерінде, Еуропада аз қашықтыққа жарысатындары, ал біздің елде секілді бес жүз шақырымды бағындырамын деп тәуекел еткендерді осы уақытқа дейін еш жерде кездестірмеппін.

«Ұлы дала жорығы» дәл қазір басқа спорт түрлеріне қарағанда халықтың ең сүйікті жобасына айналғаны жасырын емес. Насихат жұмысы, халықтың шын ықыласы, әлеуметтік желілердегі қаралым мен таралым жағынан жоба басқаларынан бір саты алда тұр.

Үш-ақ жылдың ішінде «Ұлы дала жорығы» халық кәдімгідей асыға тосатын жағдайға жетті. Менің жеке ойым, алдағы «Дүниежүзілік көшпенділер ойынының» сәнінде, мәнінде келтіретін бірдеңбір ат спорты түрі болса, дәл осы «Ұлы дала жорығы» болмақ. Ол Көшпенділер ойынының абыройын асқақтатып, еселей түсетін бәсеке болады деп сенемін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Арда КЕМЕЛ

ЖАҢА ҚАДАМ – ЖАРҚЫН ЖОЛ

Belesteri («Өсу баспалдақтары») әлеуметтік жобасының ұйымдастырушылары жаңадан кәсіп бастағандарға білім беретін кезекті маусымы мен жыл сайынғы гранттар байқауын бастайды.

Кәсіп бастағысы келетіндер үшін іскерлік негіздеріне оқыту, оның ішінде «жасыл» технологияларды қолдана отырып, ауылдық жерлерде биснес жүргізуге арналған тегін қолжетімді білім ccb.kz және farmerschool.kz веб-сайттарында ашық. Бағдарлама Қазақстанда 12 жыл қатарынан жұмыс істеп келеді.

Білім алғаны туралы сертификат алғаннан кейін қатысушы 2 мыңнан бастап 4 мың долларға (теңге түрінде) дейін қайтарымсыз грант берілетін конкурсқа қатыса алады. Ол үшін байқауға егжей-тегжейлі бизнес-жоспар ұсыну қажет. Өтініш беру ережелері ccb.kz сайтында көрсетілген. Биыл бағдарлама аясы кеңейтілгендіктен, гранттар байқауына әйелдер ғана емес, жастар да қатыса алады.

«Ауылды қолдаудың мемлекеттік шаралары туралы қажетті ақпарат алу және оны өңірлердегі аудиториямызға жеткізу, қоғамдық ұйымдар мен бизнеспен ынтымақтастыққа арқа сүйей отырып, бірлескен бағдарламаларды жоспарлау үшін серіктестіктің барлық

тараптары үйлесімді әрекет етуі қажет», – деді Қазақстанның Ауыл әйелдері форумы ұйымдастыру комитетінің төрайымы Майра Айсина.

Жобаның жаңа маусымы дәстүр бойынша Астанада бағдарлама ұйымдастырушылары мен серіктестерінің, Әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссиясының, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Экономикалық даму және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің өкілдері, «Атамекен» ҰКП мен тағы да басқалары қатысқан конференциядан басталады. Мәжілісте ауылдық елді мекендерді жұмыспен қамтумен қоса, кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетудің өзекті мәселелері талқыланды.

«Биыл біз инновациялық білім беру платформамыз – ccb.kz веб-сайтына оқу бағдарламаларының жаңа бағыттары мен жаңартылған оқу модульдерін қостық, бұл сабақтардың практикалық мәнін барынша арттыру үшін қолданбалы сипатын күшейттік. Сондай-ақ биыл алғаш рет әйелдерге ғана емес, 18-30 жас аралығындағы жастарға да гранттар байқауын бастаймыз», – дейді Belesteri жобасын «Жасыл экономика және G-Global дамуы үшін коалициясы» ЗТБ-мен бірге жүзеге асырып жатқан «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қорының директоры Елена Ожго.

Сондай-ақ биыл Belesteri жобасының аясында «Қазақстан ауылдық әйелдерінің форумы» өз жұмысын жалғастырады: өңірлерде төрт форум, ал күзде Астанада гранттық байқаудың жеңімпаздары марапатталатын қорытынды форум өтеді.

«Belesteri жобасы Қазақстандағы әйелдерге өздерінің жаны қалайтын кәсіппен айналысып, отбасылық табыстарын арттыру мүмкіндігін ұсынады. Осы 11 жылдың ішінде 100 мыңға жуық әйелдерді оқытсақ, олардың жартысынан астамы – осы соңғы 4 жылда танымал болған онлайн-оқытуға қатысты. 2020-23 жылдардағы түлектер Қазақстанда 10 мыңнан астам жұмыс орнын құрды. Бүкіл елдегі жүздеген қыз-келіншектер жаңа оқу жылының басталуы мен гранттар байқауын тағатсыздана күтіп жүр. Бұл – біз үшін ең үлкен мойындау», – дейді жоба үйлестірушісі Александра Аккирман.

Былтыр жоба үйлестірушілері әлеуметтік жобалары үшін беделді мемлекеттік «Парыз» сыйлығына ие болса, Belesteri Қазақстандағы Америка Сауда Палатасы жыл сайын өткізетін байқауда «Қоғамға қызмет ету – ірі компаниялардың жобалары» номинациясы бойынша үздік жоба ретінде танылды.

A.YMIT

ҒЫЛЫМ ҚУҒАН ЕЛ ОЗАДЫ

Өткенде ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыдағы Ғылым ордасында өткен жиында біраз мәселе көтерді. Еліміздегі ғалымдарға қойылатын талап пен дамытуды қажет ететін басым бағыттарды атап өтті. Осы орайда «Қазақстандағы ғылымның даму деңгейі қандай?» деген сауалдың жауабын іздеп көрген едік.

Елдар ҚАБА (*колаж*)

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Кейінгі жылдары мемлекет ғылымды дамытуға ерекше ден қоя бастады. Аталған салаға бөлінетін қаражат жыл сайын ұлғайып келеді. Президент жанындағы Ғылым және технология жөніндегі ұлттық кеңес құрылды. Ұлттық ғылым академиясына «Президент жанындағы» мәртебесі берілді.

Бүгінде елімізде 22 456 ғылыми қызметкер бар. Зерттеушілердің 37 пайызының ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар – 1 743 ғылым докторы, 3 945 ғылым кандидаты, 2 460 PhD докторы және өз саласы бойынша 96 доктор саналады. 414 ұйым ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындаумен айналысады. Кейінгі жылдары ғалымдардың жалақысы екі есеге ұлғайды.

Білікті маман әзірлеуге бағытталған грант көлемі соңғы жылдары 1,5 есеге артты. Қазір елімізде әлемнің беделді 12 университетінің филиалы бар. Президенттің тапсырмасына сай, алдағы уақытта тағы бірнеше білім ордасының филиалы ашылады. Таяуда Қ.Тоқаев Сингапурге барып, ондағы жоғары оқу орындарының басшыларымен кездескенді. Келіссөздер нәтижесінде ел мамандарының Сингапурде дәріс алуына жағдай жасалады.

Сонымен қатар жыл сайын 500 ғалымның шетелде тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік берілген. Оған жұмсалатын бүкіл қаражатты мемлекет төлеп береді. Тиісті министрлік жас ғалымдарға беретін гранттар санын арттырды. Жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурстары нәтижесінде 881 жоба жүзеге асып жатыр. Бұдан бөлек, алдағы екі жылда жас ғалымдардың зерттеуіне бөлінетін грант саны тағы да көбейеді. Бұған бюджеттен 18 миллиард теңге бөлінбек. Сондай-ақ былтыр 284 жас ғалым жеңілдікпен баспана алды. Биыл тағы 200 пәтер өз иесін табады.

Еңбек ресурстарының ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге тартылуын экономикада жұмыс істейтін 10 мың адамға шаққандағы зерттеушілер саны көрсетеді. Қазақстанда бұл индикатор 20,1-ге тең. Салыстырмалы түрде қарасақ, Германияда 10 мың адамға 233, ал Жапонияда 180 ғалымнан келеді.

Ал біздің елде ғылым саласында әйел адамдардың басым екенін айта кеткен жөн. Қазақстан осындай жетістікке ие әлемдегі санаулы мемлекеттің қатарына кіреді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА ЖЕТІЛЕ ТҮСПЕК

Қазір «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы Парламентте талқыланып жатыр. Құжат қабылданған жағдайда елімізде ғылымның дамуына тың серпін бермек. Ең әуелі, ғылымды басқару жүйесінің құрылымы жетіледі. Сондай-ақ гранттық және нысаналы қаржыландыру секілді қолдау бағдарламаларының негізін айқындау тетіктері енгізілмек. Осылайша, кез келген ғылыми-зерттеу институтының іргелі, қолданбалы, коммерцияландыру, өндіріске дайындығы әмбебап тәсіл арқылы анықталады.

Бұдан бөлек, Ғылым қорын венчурлік қор ретінде функционалын күшейту жоспарланған. Бұл қадам ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелерін коммерцияландыру, бизнес-акселерация, технологиялық бизнес-инкубациялау, технологиялық брокерлік бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдеседі.

Сонымен қатар өндіріс пен нарықтың сұранысын анықтайтын ғылыми-техникалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау жөніндегі тетіктер енгізіледі. Нәтижесінде, ғылымға технологиялық-инновациялық жобаларға қатысты бүкіл мәлімет бір платформаға топтасады. Заң жобасында Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі, ғалымдарды қолдау тәсілдері, ғылыми зерттеулерді коммерцияға айналдыру тетіктері қарастырылған.

БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ КӨП, БІРАҚ ЖЕТКІЛІКСІЗ...

Былтыр ғылым саласына, нақтырақ айтқанда, Ғылым комитетіне 160 миллиард теңге бөлінді. Соның ішінде 1,1 миллиард теңге мекеменің қызметіне жұмсалса, қалған қаражат саланы дамытуға бағытталған. Яғни, мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар төлеуге, ғылыми жобаларды жүзеге асыруға, ғылыми-техникалық әлеуетті жақсартуға және басқа да басым бағыттарға бөлінген.

Жоспар бойынша биыл ғылым саласына 204 миллиард теңге қарастырылып отыр. Бұл сомма 2025 жылы 242,6 миллиард теңгеге, 2026 жылы 259,5 миллиард теңгеге жетпек. Президенттің тапсырмасына сәйкес, ішкі жалпы өнім көлемінің бір пайызы осы бағытта жұмсалуы қажет. Сондықтан кезең-кезеңімен қаражат сомасы артып келеді.

Дегенмен ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын ғылымға бөліп, дамыған елдермен терезесі тең дәрежеде бәсекелесу қиын. Өйткені көптеген елде аталған салаға қомақты қаражат қарастырылады. ЮНЕСКО статистика институтының деректеріне сүйенсек, жаһандық ішкі жалпы өнімнің 2,6 пайызы зерттеу саласына жұмсалады екен. Израильде бұл көрсеткіш 5,56 пайызды құрайды. Оңтүстік Кореяда ішкі жалпы өнімнің 4,93 пайызы ғылымға бөлінеді. АҚШ-та 3,46 пайызға тең. Тайваньда үкіметі ІЖӨнің 3,7 пайызын зерттеуге жұмсайды.

Қысқасы, ғылымға мол қаражат бөлетін қай мемлекетті алып қарасаңыз да, заманауи технология мен өнім шығаруда алда тұрғаны анық байқалады. Осыншалықты көп қаражат құймаса, Израиль тақыр жерге егін егіп, мол өнім алмас еді. Корейлер түрлі өнім шығарып, медицинаның ұңғыл-шұңғылын түгел біле алмайтын еді. Ғылымға мол қаражат құйғанының арқасында Тайвань жартылай өткізгіштері арқылы бүкіл әлемді мойындатып отыр.

ЖЕКЕ СЕКТОРДЫҢ ЕНЖАРЛЫҒЫ

Біздің елде ғылым саласындағы негізгі қаржыландыру салмағы мемлекеттің мойнында. Президент Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында аталған салаға бөлінген қаражаттың 70 пайызы мемлекеттік бюджеттен бөлінетінін атап өтті. Мемлекеттің ғылымды қаржыландыруды арттырғаны жөн, бірақ жекеменшік де ғылым саласына көңіл бөлсе, екеуі де ұтар еді.

Қазақстанда ғылыми зерттеулерді іске жаратып, қолданысқа енгізетін өндіріс аз. Мәселен, кәсіпорындардың 65 пайызы шикізат, металлургия саласында жұмыс істейді. Яғни, үшінші технологиялық деңгейге ие. Машина жасау, мұнай-химия өндірісіндегі төртінші деңгеймен қамтылу 34 пайызды құрайды. Тек 1 пайыз ғана микроэлектроника, роботтандыру және IT салаларына (5 деңгей) негізделген. Ал нано және биотехнология секілді алтыншы деңгейлі өндіріс ошақтары мүлдем жоқ.

Ал дамыған елдерде кәсіпорындардың тең жартысы бесінші деңгейлі, 5 пайыздан астамы алтыншы деңгейлі саналады. Ғылымға жекеменшік сектордың инвестиция салуы да төмен деңгейде қалып отыр. АҚШ-та, Израильде, Финляндияда, Оңтүстік Кореяда ғылымға құйылатын қаржының 75-80 пайызы жекеменшік салаға тиесілі.

Бұған дейін Тоқаев жер қойнауын игеретін компанияларды табысының бір пайызын ғылымға бөлуге шақырған еді. Алайда шикізат сатып пайда тауып отырғандар әзірге мұндай ұсынысқа құлақ асар түрі байқалмайды.

ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ ДЕ ЖЕТЕРЛІК

Отандық зерттеушілер Марсқа ұшудың оңтайлы тәсілін таппаса да, ауыз толтырып айтатын ғылыми жаңалықтары жетерлік. Солардың ішінде коронавирус пандемиясы кезінде шығарылған QazVac вакцинасының шоқтығы биік. Бүкіл әлем бетперде тағып, төрт қабырғаға тығылған сындарлы сәтте ғалымдарымыз құр қол қарап жатпай, індетке қарсы екпе жасады.

QazVac сынақ мерзімінен сәтті өтіп, кейінірек ел аумағында жаппай салынған санаулы вакцинаның қатарына кірді. Медицинаға арналған салалық журнал Lancet басылымында QazVac екпесінің артықшылықтары туралы мақала жариялағаны есімізде. Осылайша, қазақстандық ғалымдар төрткүл дүниені әбігерге салған пандемияны жеңуге айтарлықтай үлес қосты.

Қазір күнделікті тұрмысқа қажет, өндіріс ошақтарында пайдаланатын ноу-хауларға сұраныс жоғары. Қазақстандық ғалымдар бұған да үлес қосып отыр. Мәселен, былтыр Сәтбаев университеті Кен байыту және металлургия институтының зерттеушілері селен металын тазартудың жаңа әдісін ойлап тапқан. Бұл тәсіл қазір қолданысқа енгізілді.

Былтыр осы технологияның негізінде Балқашта селенді тазарту және бағалы металды қожды өңдеу цехы ашылды. Бүгінде аталған өндіріс ошағында селен 99,5 пайызға дейін тазартылады. Салыстырып қараңыз, өңделмеген селеннің келісі 7-10 доллар көлемінде сатылады. Ал рафинатталған металдың құны 150 долларға дейін жетеді. Демек, отандық ғалымдар өндірістегі пайда көлемін 15 есе арттыруға үлкен үлес қосты. Енді селенді тазартуды 99,9 пайызға жеткізу тәсілдері қарастырылып жатыр. Алда-жалда бұған қол жеткізсек, бір келі сирек металдың бағасы 300 долларға дейін жетеді.

Сондай-ақ қазақстандық ғалымдар сүйектерді қалпына келтіретін гидроксиапатит деп аталатын биоматериал әзірледі. Жану проблемалар институтының қызметкерлері ойлап тапқан материал шетелдік нұсқаларынан үш есе арзан. Елімізде жасалған гидроксиапатит сүйек ақауларын қалпына келтіруге, сүйек зақымданғанда, сынғанда, тістерді имплантациялауда қолданылады.

Сол секілді Egistic атты бірегей бағдарлама NASA және Еуропа ғарыш агенттігінің мәліметтеріне сүйеніп, егістіктегі азот мөлшерін, топырақтың ылғалын анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, қатерлі ісікті ерте анықтауға арналған биосенсор, титанды ыдыратудың тың тәсілі секілді ауыз толтырып айтатын ғылыми жаңалықтарымыз бар.

Қорыта айтқанда, ғылым саласындағы жетістіктерімізге қарамастан, әлі де кемшін түсіп отырған мәселелер жетерлік. Бұл түйткіл, әрине бір күнде шешіле салатын жұмыс емес. Бұған біраз уақыт керек. Қазір Парламент қабырғасында талқыланып жатқан ғылым туралы заң жобасы мен Президенттің қолдау көрсетуі Қазақстандағы ғылымның өркендеуіне жол ашады деп сенеміз.

Айша ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Шымкент қаласының Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының негізгі функцияларының бірі – жұмыскерлердің, жұмыс берушілердің және олардың өкілдерінің еліміздегі еңбек заңнамасын сақтау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі өтініштерін қарау. Басқармаға жыл басынан бері азаматтардан 769 арыз-шағым келіп түскен. Бүгінде оның 656-ы қаралып, 194 тексеру жүргізу нәтижесінде 546 бұзушылық анықталып отыр. Оның 337-і еңбек қатынастары, 182-і еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша болса, 27-сі – жұмыспен қамтуға қатысты келіп түскен шағымдар.

Назгүл НАЗАРБЕК

Анықталған бұзушылықтардың 478-і жойылып, заңға сәйкестендірілген. Белгілі болған бұзушылықтар бойынша 120 нұсқама беріліп, 4,3 млн теңгеге 105 айыппұл салынып, оның ішінде 3,1 млн теңге көлеміндегі 100 айыппұл өндірілген. Нәтижесінде, 690 жұмыскердің еңбек құқықтары қорғалып отыр. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Шымкент қаласының Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Бауыржан Қалжанов атап өтті.

«Еңбек заңнамасы жұмыскерлердің уақытылы, толық еңбекақыларын алу механизмдерін қарастырады. 2024 жылдың есепті кезеңінде мемлекеттік еңбек инспекторларымен 16 кәсіпорындағы 423 жұмыскердің 100,6 млн теңге көлеміндегі жалақы қарыздары өтелді. Қазір Шымкент қаласындағы кәсіпорындарда жалақы қарызы жоқ», – дейді басқарма басшысы.

Сонымен қатар брифингте жыл басынан бергі 4 айда қала аумағында 2 жазатайым оқиға болғаны айтылды. Тергеу материалдары іс жүргізу шешімдерін қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жолданған.

Конституциямызға сәйкес, әркімнің қауіпсіздік талаптарына сай еңбек

етуге құқығы бар. Еңбек қауіпсіздігі – бұл еңбек процесінде жұмыскерлерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, жұмыскерлердің қорғалуының жай-күйі. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 22 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде жұмыскерлер еңбегінің қауіпсіздігін және қорғалуын бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған «Халықтық бақылау» жобасын ірі кәсіпорындарда енгізу туралы тапсырмасы берілген. Бүгінде Шымкент қаласындағы 18 кәсіпорын жобаны енгізді. Сондай-ақ 2019 жылы 17 маусымда Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы және Қазақстанның атқарушы органдары арасында «Vision Zero – Нөлдік жарақат» тұжырымдамасын ілгерілету бойынша өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасалған. Атқарылған шаралар нәтижесінде тұжырымдамаға қаладағы 71 кәсіпорын қосылған.

Басқарма басшысы Бауыржан Қалжанов үшінші мегаполистегі кәсіпорындар мен мекемелерде тұрақты түрде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында мониторинг жүргізіліп отыратынын атап өтті. Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша бүгінде қаладағы 1 452 кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі бойынша өндірістік кеңестер жұмыс жүргізіп жатқан болса, 2 128 жұмыс орындарына зиянды және қауіпті еңбек қауіпсіздігі бойынша аттестациялау өткен. Сондай-ақ қаладағы 144 кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша халықаралық және ұлттық стандарттар енгізілген. Өңірдегі 6 кәсіпорынның қызметі декларацияланып, «Сенім сертификаты» тапсырылыпты.

«Ал еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскерге төленетін әлеуметтік аударымдарға тоқталар болсақ, 2024 жылы МКЗЖ аударатын кәсіпорындар саны 160, еңбек өтілін цифрландыру процесін бастаған кәсіпорындар саны 102, орындалуы 65 пайыз. Биылғы жылдың соңына дейін, есепке алудың бірыңғай жүйесіне 100 пайыз барлық деңгейдегі кәсіпкерлік субъектілер тіркелуге тиіс», — деп атап өтті Б.Қалжанов.

Шымкент қаласы

САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Биылғы жаз өзгеше болып тұр. Күн де күрт ысып кетті. Аптаптан аңқасы кепкендер жандарына сая іздеп, суға шомылу маусымы басталар-басталмастан өзен-көл жағалауына ағылды. Қазір Алматы облысындағы су айдындарының барлығының жағалауы адамға толы. Өкінішке қарай, алғашқы оқыс оқиғалар да тіркеле бастады. Тиісті қызметтердің ескертпелері мен құлаққағыстарын елең қылмайтындар қауіпсіздік талаптарын тәрк етіп, өмірін қатерге байлайды. Осы орайда шомылу маусымы кезінде Төтенше жағдайлар департаменті мен жедел құтқару қызметінің де жұмысы еселенетіні белгілі.

Болат АБАҒАН

Қазір демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыстағы барлық өзен-көл, тоған-тоспалардың жанында арнайы жасақ үздіксіз жұмыс істеуде. Құтқарушылар уақытпен санаспайды. 24 сағат бойы кезекпен жұмыс істейді. Мамандар моторлы қайық, құтқару кеудешелерімен және арнайы баллондармен қамтамасыз етілген. Олар өздеріне жүктелген міндетті орындауда жауапкершілік танытуда. Рұқсат етілмеген аймақтарға суға түскендерге алдымен ескерту жасалады. Егер мамандар айтқан кеңеске құлақ түрмеген, ескертуді елең қылмағандар анықталса, ондайларға айыппұл салынады. Биыл Қапшағай су қоймасында қашықтан бақылау жүйесі орнатылды. Құтқарушылар 30 жүзу құралын пайдаланып, су айдынын тұрақты бақылауға алған. Арнайы мамандар суға түсуге тыйым салынған аймақта үнемі рейдтік жұмыстар жүргізеді. Демалушыларға түсінік жұмыстарын ұйымдастырып, қауіпсіздік шараларын насихаттайды. Ақыл-кеңес береді. Бірінші кезекте суға түсу алдында спирттік сусын ішу аса қауіпті екенін ескертеді.

Шомылу маусымы басталғалы бері судағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін 25 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 374 мың 738 теңге айыппұл салынды. Жыл басынан бері облыстың су айдындарында адам өлімі болған жоқ, 9 адам құтқарылыпты.

«Біз қолдағы барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, облыс аумағындағы су қоймаларында демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысып бағудамыз. Биыл шомылуға рұқсат етілген орындар саны арттырылды. Жаңа жағажайлар жабдықталып, іске қосылды. Қапшағай су қоймасында қашықтан бақылау жүйесі орнатылды», – дейді облыс басшысы Марат Сұлтанғазиев.

Нақтырақ айтқанда, облыс әкімдігінің қаулысымен өңірде суда демалуға арналған 103 орын белгіленді, оның ішінде 7 коммуналдық жағажай бар. Алматы облысының әкімдігі Төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, қазірдің өзінде су қоймаларын түгендеп, қауіпті аймақтарға 400-ден астам қауіпсіздік белгісін орнатты, оның 189-ы тыйым салуға қатысты.

Алматы облысы

«Жылжымалы азотты компрессор стансасы» тауарларын сатып алу жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС бойынша – Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 46/2 үй, БСН 200140019662, «**Korund International Group» ЖШС** тендерлік өтінімі «Жылжымалы азотты компрессор стансасы» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендердің жеңімпазы деп таныды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке товаров «Мобильная азотная компрессорная станция»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем открытого тендера по закупке товаров «Мобильная азотная компрессорная станция» - тендерную заявку **ТОО «Korund International Group»** - Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Нұра, проспект Тұран, здание 46/2, БИН 200140019662.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04

«БАТЫСҚА САЯХАТ» НЕГЕ ЖАНДАНБАЙДЫ?

Батыс десе, аузымызға балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған Жайық өзені, аймақтың інжу-маржаны саналатын Шалқар көлі түседі. Облыс туристік саланы дамытуға қолайлы аймақ болғанымен, өңірдегі ішкі туризмнің өзі сын көтермейді.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

БҚО – тарихқа бай өлке. Әр ғимаратын сөйлетсеңіз, ежелгі ғасырдан сыр шертеді. Ал даласы тұнған қазына. Сарқырамасы, ақ құм, өзен-көл дегенге бай. Бірақ осы ғаламатты көру үшін келетін турист саны өте аз. Ғажайыбы көп мекенге турист неге аялдамайды? Туризм неге тұралап тұр? Біз осы сұрақтарға жауап іздеп көрдік. Оған түрткі болған Бөкей Ордасына барған сапарымыз. Иә, кәдімгі Бөкей хан іргесін салған Бөкей Ордасы деген жерді айтып отырмыз. Аядай Хан ордасы ауылының өзінде 8 музей бар. Қала орталығынан 600 шақырым қашықтықта жатқан осы мекенді көру үшін арысы Астрахань, Дағыстан, Шешенстан, берісі Атырау мен Алтайдан туристер келеді. Себебі Бөкей Ордасына Астрахань тиіп тұр. Оның ар жағында Дағыстан, одан әрі Шешенстан. Бірақ біздің облыс үшін туризмнен түсетін табыс өте төмен, тиынды құрайды. Себебі биліктің өзі де сол туризмді дамыту үшін тек тиын бөліп отыр. Мәселен, БҚО бойынша туризмді дамыту үшін тек 15 млн-дай қаржы қарастырылған. Әлбетте, аз бергесін, аз аламыз.

Бөкей Ордасы ауданы – тарихи жер. Бұл жерде Жәңгір хан билік құрған тұстан қалған жәдігерлер бар. Жәңгір хан ашқан тұңғыш қазақ мектебі, Жәңгір ханның өзі тұрған хан сарайы, әйелі Фатима анамыздың ұстаған ыдыстары, киген киімдері, Жәңгір ханның жеке дәрігері болған адамның тұрған үйі, Қазақстандағы тұңғыш газет «Қазақстан» газеті басылған баспа үйі осы аядай ғана Хан ордасы ауылында орналасқан. Тіпті, Жәңгір ханның өзі де осы Хан ордасында жерленген. Басына барып тәу етемін дегендер үшін арнайы кесенесі бар. Осындай тарихи жерге келемін дейтіндер бұрын жол азабын тартатын. Себебі жол жоқ еді. Батпаққа батып, маң далада көлігі сынып, талай қазақ аңыраған бетпақ дала ғой бұл. Бетпақ дала деп текке айтып отырғанымыз жоқ. Бөкей Ордасы ауданы – өзі бір құмды өлке. Даланың бәрі кәдімгі қызыл құм. Айтпақшы, осы Хан ордасы ауылы маңында қарағайлы орман бар. Ол жерге кезінде ағаш егуді Жәңгір хан бастаған. Жәңгір хан ауылды құмнан қорғау үшін әдейі жыңғыл, қарағай, емен секілді ағаштарды егіп, ауыл маңын орманға айналдырған. Сол Жәңгір отырғызған қарағайлы орман бөкейліктерге әлі қызмет етіп тұр.

Бұл мекенді тұңғыштар мекені деп атайды. Себебі қазақ даласындағы алғашқы газет пен мектеп, тіпті пошта қызметін де осы Бөкей Ордасында Жәңгір хан бастап жүзеге асырған. Туристерді қызықтыратыны да осы.

Бірақ бұл ауылда туристер үшін жағдай жасалмаған. Біріншіден, бұл жерде жібі түзу қонақүй жоқ. Қазір қызмет етіп тұрған «Жас құс» қонақүйі аз адамды қабылдауға арналған. Жазда турист көп, орын жоқ. Мәселен, біз барған күні қонақүйде орын болмай, ауыл ішіндегі бір хостелге қондық. Енді хостел деуге келмейді.

Рухани азық аламын, ел көрем, жер көрем деген турист үшін не жағдай керек деп ойласаңыз қателесесіз. Турист үшін тым құрығанда жуынып, шайынатын, бір кесе шайын ішетін орын болуы тиіс.

Ал Бөкей Ордасында ең керек деген осы қажеттіліктер жоқ. Бізде туристік нысандардың басындағы әжетхана мәселесі бір шешілмей қойды.

Туризмді дамыту үшін жайлы жол қандай керек болса, үзіліссіз байланыс та сондай қажет. Аттың жалында, түйенің қомында жүре беретін баяғының заманы емес, уақытқа сай қызмет көрсетілмесе болмайды. Бұл ретте де БҚО ұяттылау енді. Көп нысанда әлі күнде дейін байланыс дұрыс ұстамайды. Сеть бір кетіп, бір шығып жүйкеңді жұқартып жібереді.

Айболат Құрымбаев деген азаматты батысқазақстандықтар өте жақсы біледі. Себебі ол өңірдегі тарихи жерлерге турист апарумен айналысатын қоғам белсендісі. Біз Айекеңмен аз-маз әңгіме дүкен құрдық.

«Билік туризмді дамытуға құлықсыз, қанша идеямыз жүзеге аспай жатыр», – деп қынжылады Айболат Құрымбаев.

– Бәрі келіп қаржыға тіреледі ғой, біздің облыста туризмді дамытуға деп тек 15 млн қаржы бөліп отыр. Атырау облысы 50-60 млн бөлді. Ал көршілес Маңғыстау облысы туризмге деп 1 млрд қаржы құйып отыр. Енді осыдан кейін туризм бізде қалай дамиды? Туристік нысандарды кәсіпкерлерге уақытша беріп, турист тартуға да болады. Бірақ оның екінші жағы да бар. Туристік нысандарды туризмді түсінетін бизнесменнің қолына беру керек. Тек ақшаны, табыс табуды ғана көздейтін қызыл саудагерге туристік нысандарды беруге болмайды. Иә, кәсіпкердің ақшасы бар, ол сол жерді жайнатады. Барлық жағдайды жасайды. Бірақ сауда орнына айналдырмау керек. Ондай жерге қоғамдық бақылау күшейтілуі керек, – дейді қоғам белсендісі Айболат Құрымбаев.

Айына 4-5 нысанға турист апаратын Айболат мырзаның айтуынша, бізде туристік мәдениет деген жоқ. Туристер көліктен түсе сала қоқыстарды лақтырып, айналаны ластап бастайтын көрінеді.

– Мен туристік орталықтарға өте көп адам апарамын. Күні кеше ғана бір топ адамды Бөкей Ордасына апарып келдім. Көліктен түскен бойда бәрі судан босаған шөлмектерді айналаға лақтыра бастады. Дереу тоқтаттым, кері жинаттым. Туризм, турист мәдениеті деген – балабақшадан бастап қауға сақал шалға айналған уақытқа дейінгі аралықта жүруі тиіс тәрбие процесі. Соның ішінде экологиялық тәрбиені енгізу керек. Табиғат аясында, қасиетті жерлерде адам өз-өзін қалай ұстау керек деген мәдениетті бала күннен бастап үйрету керек, өкінішке қарай, бұл бізде үйретілмейді, мүлде жоқтың қасы. Сондықтан да туристер барып кеткен жерден кейін тау-тау қоқыс шығатыны. Бұдан бөлек, біздің туристерде тыңдау мәдениеті жоқ, гидті мүлде тыңдамайды. Бір-екі кітап оқып алып «мен бәрін білемін» деген ұғыммен жүреді. Басқаларды да, өзін де сыйламайды, – деп қынжылады Айболат Шамұратұлы.

БҚО-да туризмді дамыту үшін атқарушы билік істеуге тиіс жұмыстар бар. Өкінішке қарай, өңірде ең қарапайымы туристер баратын жерлердегі ақпарат тақталары мен тазалық мәселесінің өзі күйіп тұр. Жол, су, қонақүй, шайхана, сапалы байланыс, туристің қауіпсіздігі үшін жасалатын дүниелер туралы айтудың өзі ұят.

Жоғарыда атап өткеніміздей, өңір – тарихқа бай өлке. Музейге де баймыз. Бірақ жібі түзу, тарихты терең білетін, үш тілді гид табу қиындығы бар. Мұны мамандардың өздері де мойындап отыр.

– Бізде гид тапшылығы сезіледі. Кез келген адам гид бола алмайды. Оның да талабы бар. Бұл қызметке де тілі таза, шешен сөйлейтін, түрі келісті адамдарды таңдайды. Өкінішке қарай, қазір тілі таза жас табу да оңай емес, ал оны шешен сөйлету деген үлкен мәселе. Бұл аздай, біздің облыста гидтерді дайындамайды. Біз қазір өзіміз қолдан келгенше оқытып, үйретіп отырмыз. Былайша айтқанда, өзіміз тәрбиелеп аламыз. Және гидтердің жалақысы өте төмен, оларды тапқан күнде де ұстай алмаймыз. Себебі олардың жұмысы тынымсыз жүреді. Дамылдамай сөйлейді. Себебі туристер көп келетін Бөкей Ордасы секілді орындар бар. Гид деген музейдің жүрегі ғой. Шетелдерде гидтер бірнеше тілде сөйлейді. Ал бізде өзге тіл білетін жастар музейде жұмыс істеймін деп келмейді. Тіл білетін жастар жалақысы жақсы шетелдік фирманы таңдайды, – дейді БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры Мирболат Ерсаев.

БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры Мирболат Ерсаевтың айтуынша, Бөкей Ордасы ауданындағы музей – республикалық статусы бар музей. Олар облыстағы басқа музей қызметкерлеріне қарағанда жалақыны көптеу алады.

Бірақ біздің түсінгеніміз, музей қызметкерлері деген арнайы бір статус жоқ. Сондықтан да үй алу, үйге кезекке тұру, баланы балабақшаға беру деген істерде елмен бірдей. Музей қызметкерлеріне экскурсоводтарға ерекше жағдай жасалмаған. Осыдан келіп алыс ауылдарға музей қызметкерлерін табу қиындығы шығады, – дейді БҚО тарихи-өлкетану музейінің директоры Мирболат Ерсаев.

Жаз шығып, күн қызған уақытта демалушылардың басым бөлігі Шалқар көліне ағылады. Әсіресе, сенбі, жексенбіде көлге келушілер саны 2 500 адамға дейін артады. Шалқар көліне келіп демалушыларға қызмет көрсететін де осы ауылдың адамдары. Көпшілігі жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, жаздың екі айында демалушыларға қызмет көрсетеді.

Көл басында нақты қожайын жоқ. Ұзақ уақытқа жалға алушылар келмейді. Қазіргі қызмет көрсетіп жүрген жеке кәсіпкерлердің нақты орны белгіленуі керек. Ол жер бөлінгеннен кейін био әжетхана, тамақ қалдықтарына арналған арнайы контейнер, пластик бөтелкелерге, целлофан қалташаларға арнайы қорапша қажет. От жағу орындары белгіленгені дұрыс. Әлі күнге дейін қаншама рет айтылса да, округ әкімдігі, учаскелік полиция, кезекші медбикенің байланыс нөмірлері, төтенше жағдай қызметі, жедел жәрдем, такси қызметінің байланыс нөмірлері жазылған билборд ілінбеген. Жағажай аумағы 4,5 шақырымды құрайды. Бұл аралықта бес волейбол алаңы, екі футбол алаңқайын салуға болады. Еуропалық стандарт болмаса да, бар мүмкіндікпен алаңқай орнын дайындауға болады. Арнайы сауда-саттық орны жоқ. Шалқарға шамамен жаз мезгілінде 50-60 мың турист келеді. Оларға сапалы қызмет көрсету әлі жолға қойылмаған. Және бір айта кететін жайт, байланыс та нашар.

– Актив байланысы мүлде жоқ боп кетеді. Теле 2 оператор қызметіне де көңіліміз толмайды. Кейде 4G-ге зар боп қаламыз, – дейді бізбен тілдескен ауыл тұрғындары.

– Шалқардың проблемасын жылда айтамыз. Бірақ нәтиже жоқ. Су жыл сайын тартылып барады, лас. Ал билік сол үшін түк те істемейді. Ең қарапайымы, Шалқардың басында ұйымдастыру шарасы жүрмейді. Адамдар киіз үйді ойына келген жерге құрады, қазан-ошақ құрады. Киіз үйлер қиқы-жиқы, қатар деген түсінік жоқ. Бірі құлап жатыр, бірінің төбесі жоқ, жалбырап тұр. Әжетхана деген атымен жоқ. Адамдар қажетін сол судың маңында өтей салады. Суды күзету деген түсінік жоқ. Адамдар машинамен судың үстіне кіріп тұрады. Машина жуады, кілем жуады. Шалқар – жай көл емес. Ол – емдік қасиеті бар көл. Ол тұзды су, адам денесіндегі түрлі жараларға ем. Бірақ сол Шалқардың жағасында ақпараттық тақта жоқ. Мысалы, судың жағасында «Шалқар көлінің суы – емдік қасиеті бар су. Оның құрамында пайдалы элементтер көп. Су мынадай тері ауруларына ем, кімдерге бұл суға түсуге болмайды» деп қарсы көрсетілімдерді жазып қоюға не кедергі?! Екіншіден, ондай жерде әкімінің телефоны, жергілікті учаскелік полицейдің нөмірі, төтеншеліктердің нөмірі тұруы тиіс. Ал ол жерде ештеңе жоқ. Бір даладағы жабайы мекен құсап тұр, – деп қынжылады эколог-белсенді Айболат Құрымбаев.

Турист үшін қолайлы жағдай жасауда қалыс қалып отырғанымыз жасырын емес. Қанша айтылса да ескерілмей келеді. Қазір өңірде туризмге қызығатын адамдар саны артып келеді. Кешегі Ресейдегі мобилизация кезінде де облысқа келмеген адам жоқ. Соғыстан қашып келді десек те, олар да қонақ. Аз отырып, көп сынайды деген. Сол қонақтарымыз да қаланы аралап жүргенін талай көз көрді. Баяғы қажетті ақпараттар жазылған тақтайшаға жарымай-ақ қойдық.

–Туризмді дамыту үшін арнайы бір басқарма ашып, штатқа адам қоюдың қажеті жоқ. Бұл шығын. Тек әкімдік тарапынан тиісті маршруттар сызылып, жағдай жасалып отырса жеткілікті. Мысалы, Қаратөбе ауданында «Құныскерейдің үңгірі» бар. Біз соның ішін тазалап, ақпараттық тақта қойып, жол сілтемесін қою керек деп қанша айттық, бірақ жергілікті әкімдік соны әлі істеген жоқ. Енді осыны істеу үшін не керек, ақша да қажет емес, адамдарды жұмылдыру ғана қалады. Біздің билік туристік нысандарға табыс көзі деп қарамайды. Міне, бәрі осыдан келіп шығады. Осының кесірінен біз туристерден айырылып жатырмыз. Біз бес жолдың торабында тұрмыз. Үстіміздің өтпейтін адам жоқ, бірақ олар тоқтамайды, себебі ақпарат жоқ, сілтемелер жоқ. Шекарадан өткен бойда «Сіз Орал қаласынан мынаны көре аласыз» деп жолы, телефоны, туристік нысан туралы ақпараты бар тақтайша ілініп тұруы керек, – деген ойын айтты Айболат мырза.

БҚО Ресейдің бес облысымен шектеседі. Тоғыз жолдың торабында тұрған мекен. Егер қажетті көңіл бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылса ел экономикасы үшін Батыстың туризмінен түсетін табыс та артар еді.

Батыс Қазақстан облысы

Тасқын шығыны толық өтелуі керек

Су тасқынында баспанасынан бастап қолдағы бар дүние-мүлкі жарамсыз болып қалған халықтың арасында арнайы бөлінген аз-маз өтемақының өзін уақытында ала алмай жүргендер әлі де баршылық. Қарапайым халықпен қатар бизнес өкілдері де ірі көлемде шығынға батқан. Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті әкімдіктерге тасқын судың зардабын жылдам есептеп, шығынды өтеуді шегелеп тапсырғанымен, түйін әлі де болса тарқатылмай тұр…

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Су тасқынының зардабы экономиканы алға сүйрейтін негізгі драйвер – шағын және орта бизнес субъектілеріне де оңай соққан жоқ. Бірқатары ондаған миллиондап шығынға батқан. Ақмола облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының дерегіне жүгінсек, топан су кезінде өңірдің 49 бірдей бизнес субъектісі, оның ішінде 15 агроөнеркәсіптік кешен ірі көлемде зиян шеккен. Жалпы шығын көлемі 1 млрд теңгеден асады.

Бұл Ұлттық экономика министрлігі мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының өңірге сапары барысында анықталды. Кәсіпкерлер палатасы жоғарыда аталған министрлікпен бірлесіп су тасқынынан зардап шеккендерге шығынды өтеудің тетіктері жасалғанын жария етті.

– Біздің мұнда келудегі мақсатымыз тасқыннан жапа шеккен кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын өтеуде мүліктерді бағалау үшін құжаттар әзірлеу және жинақтау кезінде туындайтын мәселелер мен сауалдарды анықтау және дер кезінде шешу болып отыр. Әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері бар. Біз Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына жасаған сапарларымыз кезінде бірқатар маңызды ұсыныс пен мәселені анықтадық. Оларды мемлекеттік органдардың қарауына жіберуге ниеттіміз. Жұмыстың нәтижесі бойынша өтемақы төлеу ережелеріне өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Дегенмен қазір басты мәселе ауыл шаруашылығы субъектілеріне көмек жайы аса өткір болып тұр. Өкінішке қарай, қолданыстағы ережелер аграрлық өнеркәсіп субъектілеріне жатпайды. Ауыл шаруашылығы министрлігі шығынға батқан ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің шығындарын өтеу бойынша жұмыс тетігін енді ғана бастаған. Алдын ала жүргізілген есептер бойынша Қазақстанда 1 100-ге жуық кәсіпкерлік субъектісі су тасқыны кезінде орасан көлемде шығынға ұшырапты. Ал олардың жартысына жуығы фермерлер болып шықты, – дейді «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нахипбеков.

Бұл орайда жергілікті әкімдіктер құжаттарды уақытында жинап, жылдамырақ тапсыруы қажет. Құзырлы министрлік өкілі осы тұста бірқатар кедергі бар екенін жасырмады.

– Біз әкімдіктер құжаттарды Ұлттық экономика министрлігіне жинау және тапсыруды жеделдетуге ықпал етсе екен дейміз. Яғни, біздің ведомствоға шығынның нақты сомасымен дайын құжаттар келгені жөн. Өйткені қаражаты бөлу процесі өздеріңіз білетіндей аса ұзақ уақытты қажет етеді. Егер ұсыныстар мен сұрақтар болса, біз оны талқылауға әрқашан әзірміз, – дейді Ұлттық экономика министрлігі Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және қорғау департаментінің директоры Нұрбол Жанабеков.

Кездесу барысында су тасқынынан болған шығынды өтеу тұрғысында халықты толғандырған бірқатар өзекті мәселе де талқыға түсті. Мәселен, Астрахан ауданының әкімі Талғат Ерсейітов бизнес субъектілерінің шығындарын өтеуде демеушілік көмек пен басқа да қорлардың есебінен тарту мүмкіндігі жайлы сұрады. Нұрбол Жанабековтың айтуынша, түйткілді өз күшімен шешу қаралмаған, яки оны бюджеттен тыс қордың есебінен өтеуге өңірлік комиссияның қарауына шығаруға болады. Кәсіпкерлерді қолдау елдің басқа өңірлерінде де болып жатқаны айтылды.

Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Гүлмира Шоқатова жалпы айналымға 3 пайыз көлемінде салыққа қатысты сауал тастады.

– Өңірлік комиссияның мақұлдауы кезінде өтемақы сомасы банк шоттарына аударылады. Бұл сома салық органдарында айналым болып есептеле ме? – деді Гүлмира Шоқатова.

Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің камеральдық мониторинг бөлімінің басшысы Азамат Бектұровтың пікірінше, қолданыстағы ережелерге сәйкес өтемақы мүліктері мен басқа да негізгі қаражатының шығыны жағдайында төленетіндіктен салық салынбайды.

Сонымен қатар техникалық тексеріс және бағалау өткізу үшін қаражаты болмағандықтан, комиссияға өтініш беруден бас тартқан бизнес субъектілерінің жайы да талқыға түсті. Нұрбол Жанабековтың айтуынша, өтемақы төлеу ережесі осы жылдың қарашасына дейін болады. Сондықтан кәсіпкерлердің осы уақыт ішінде бағалау компанияларымен келісімшарт жасасуға жергілікті атқарушы органдарға растау құжаттарын ұсынуға мүмкіндігі бар. Бұл жерде ауыртпалықтың бәрі толықтай әкімдіктердің жауапкершілігінде. Тасқын шығынын толықтай өтеуге тиіс.

Өңірдегі су тасқыны аса ірі көлемде шығын шектірген ауданның бірі – Атбасар қаласы. Мұнда топан су кезінде ірі өндіріс цехтары, қойма-жайлар, жеке кәсіпкер Шумилиндердің дайын өнімдеріне дейін суға кеткен еді. Алдын ала есеп бойынша шығын көлемі 180 миллион теңгеден асып жығылған. Шығын шеккендердің бірі жеке кәсіпкер «А.Ж. Бекмағамбетов» 35 миллион теңгеге жеткен. Кәсіпкерлік субъектісінің таразы ғимараты мен қондырғылары құрылыс материалдары дүкенінің ғимараттары суға кеткен. «Ашық жол» жеке кәсіпкерлік иесінің де шығын көлемі 30 миллион теңгеден асып жығылған. Электр көтергіш, дөңгелек жөндеу қондырғысы, пластикалық терезе жасайтын станоктары тасқын судан жарамсыз болып қалған. Жалпы Атбасар ауданы бойынша 20 бизнес субъектісі жапа шеккені анықталған. Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Әлия Бегалинованың айтуынша, комиссияның ықпалымен барлық қажетті құжат іс жүзінде жинақталып қойған.

Әрине, бағалау комиссиясының қорытындысын алу үшін өтінім берудің нақты алгоритмі құрылып қойған. Бұған бірінші кезекте жарамсыз болып қалған, яки толықтай жойылған мүлікті барлық растау құжаттарын тіркей отырып тізімін ұсыну қажет. Бұдан кейін аудандық және қалалық әкімдіктерге зақым шеккен мүлікті бағалауға комиссия өткізуге өтініш беру, шығынды өтеу туралы одан әрі өтініш беруге келісім алу үшін жүгіну керек. Бағалау жөніндегі комиссия өтініштерді қарастырып, қажет болған жағдайда зардап шеккен нысандарға арнайы барып, ұсынылған құжаттар мен мәліметтер негізінде өз қорытындысын жасайды. Бұдан кейін шығын болған мүліктің құнын алу немесе оны қалпына келтіру үшін өңірлік комиссияға жүгінеді.

Әрине, тасқын судың салдарынан ірі көлемде жапа шеккен тұрғындар мен кәсіпкерлік нысандарының қатары мол. Бұл орайда жергілікті әкімдіктер мен өңірлік комиссиялардың мойнына артқан жүгі аса ауыр. Қара қылды қақ жаратын әділдік пен таразы басын тең ұстау әрі әрбір мүліктің объективті түрде бағаланып, соған сәйкес тиісті өтемақысының төленуі маңызды. Бұл орайда заңды құқықтардың бұзылатын, тиісті төлемдердің уақытында төленбеу оқиғалары әлі де кездесіп жатыр. Сондықтан құзырлы органдар мен комиссиядағылар тиісті шешімді жеті рет өлшеп, бір рет кесуі әрі жылдамырақ әрекет етуі жөн.

Ақмола облысы

АЛТЫ МЕРГЕН ОЛИМПИАДАДА БАҚ СЫНАЙДЫ

Нысана көздеуден Қазақстан командасының қоржыны тағы бір жолдамамен толықты. 9 маусым күні Халықаралық спорттық ату федерациясы (ISSF) рейтинг бойынша квота иеленген мергендер тізімін жариялады. Олардың қатарында қазақстандық Ирина Юнусметова да бар. Ирина нысана көздеуден лицензия жеңіп алған командадағы алтыншы спортшы. Осы орайда Париж Олимпиадасына аттанатын мергендердің аяқалысы жайлы шолу жасап көрдік.

Спорттық атудан Олимпиадаға іріктеу турнирі 2022 жылдың 14 тамызында басталды. Содан бері спортшылар лицензиялық әлем және Азия чемпионаты мен рейтингілік әлем кубогі кезеңдерінде бақ сынап келеді. Ал 9 маусым күні Халықаралық федерация лицензиялық рейтингінің жабылғанын хабарлап, ұпай саны бойынша озық тұрған қазақстандық Ирина Юнусметоваға жолдама берді. Негізінде нысана көздеуде квота жекелеген спортшыларға емес, командаға беріледі. Алайда тап осы Юнусметованың лицензиясына ешкім таласа алмайды. Қалған бес спортшының арасынан Парижге кімдер баратыны жақын арада шешілмек.

Жалпы, Қазақстан құрамасының Париж Олимпиадасына алғашқы жолдамасын тап осы нысана көздеушілер алып берген еді. Әзербайжанның Баку қаласында өткен 2023 жылғы әлем чемпионатында Ислам Сәтбаев 10 метрге пневматикалық винтовкамен нысана көздеуден төртінші орын иеленіп, Олимпиадаға жолдама алды әрі 632,7 ұпаймен Қазақстан рекордын жаңартты.

«Олимпиадаға алғаш рет қатысқалы отырмын. Өте қуаныштымын. Бүгінде жазғы ойындарға жақсы дайындықпен бару үшін қолдан келгеннің бәрін істеп жатырмыз. 2012 жылы нысана көздеуге бет бұрдым. Бұл спортқа сыныптасым алып келді. Алда Олимпиада ойындары күтіп тұр. Елімізді осындай ірі жарыста танытатынымға қуаныштымын», – дейді Ислам.

Содан соң мергендер тағы бірнеше жолдама ұтып алды. Атап айтар болсақ, 2023 жылы Оңтүстік Кореяда өткен Азия біріншілігінде Арина Алтухова мен Константин Малиновский үш позициядан 50 метрге нысана көздеуден Париж жолдамасын қоржынға салды.

Одан бөлек, 2024 жылы Индонезияның Джакарта қаласында өткен лицензиялық Азия чемпионатында Никита Чирюкин пневматикалық тапаншамен, Александра Ле пневматикалық винтовкамен нысана көздеуден Олимпиада квотасын иеленді.

> *Қазақстан құрамасының Париж Олимпиадасына алғашқы жолдамасын тап осы нысана көздеушілер алып берген еді. Әзербайжанның Баку қаласында өткен 2023 жылғы әлем чемпионатында Ислам Сәтбаев 10 метрге пневматикалық винтовкамен нысана көздеуден төртінші орын иеленіп, Олимпиадаға жолдама алды әрі 632,7 ұпаймен Қазақстан рекордын жаңартты.*

Команда бас бапкері, Афины Олимпиадасының 4-орын иегері Ольга Довгунның айтуынша, Ұлттық құрама спортшылары Парижге барар жолда үлкен еңбек атқарған.

«Біз жаңа олимпиадалық цикл басталғаннан бері тынбай еңбек еттік. Олимпиада жолдамасы әлем чемпионаты мен екі Азия біріншілігінде сарапқа салынды.

Сонымен қатар әлемнің әр түкпірінде өткен рейтингілік әлем кубогінің 5 кезеңіне қатыстық. Бәрінде де ұпай жинап, жақсы өнер көрсетуге тырыстық. Жақында Халықаралық федерациядан хат келіп, Ирина Юнусметованың жолдама алғанын хабарлады. Негізі, тағы бір лицензия бұйыратынын білдік. Өйткені Ирина бірде-бір жарыстан қалмай, әлем кубогі кезеңдерінде тұрақты түрде финалға шығып жүрді. Енді Олимпиадаға аз уақыт қалды. Жақын арада Парижге баратын толық құрам анықталады. Біздің мергендеріміз алты жолдама жеңіп алып отыр. Бұл өте жақсы, тіпті тарихи көрсеткіш. Себебі бұған дейін нысана көздеуден Қазақстан командасы сапынан алты адам Олимпиадаға лицензия алмаған», – дейді Ольга Довгун.

Олимпиадалық циклде өткен нысана көздеуден әлем кубогі кезеңдерінде Қазақстан спортшылары айтарлықтай жақсы нәтиже тіркеді. Бакуде (Әзербайжан) өткен әлем кубогінде Эльдар Иманқұлов пен Валерия Попелова жұбы тапаншамен 10 метрлік нысана көздеуден күміс жүлдегер атанды. Осы жаттығудағы жекелей сында Валерий Рақымжан тұрақты түрде финалға шыққанымен, бір рет 5, тағы бірде 7-орында қалды. Ал әйелдер арасында Юнусметоваға жолдама берілгенін айттық.

«Валерий Рахымжанға үш рет мүмкіндік берілді. Ол үшеуінде де бесінші орыннан аса алмады», – дейді Довгун.

Париж Олимпиадасында спорттық атудан (нысана көздеу және стенд ату) жалпы есебі 15 дисциплинада жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады. Ерлерден 170, әйелдерден 170 адам сынға түседі. Бұл 2020 жылғы Токио Олимпиадасымен салыстырғанда 20 атлетке кем. 12 квота жарысты қабылдаушы ел ретінде Франция иеленді. 16 квота іріктеу кезеңдері аяқталған соң әмбебаптық қағидасы бойынша, рейтингтегі ұпай саны жоғары, бірақ лицензиясы жоқ мергендерге таратылды. Қалған 312 квота 2022 жылдың 14 тамызы мен 2024 жылдың 9 маусымы аралығында өткен Олимпиадаға іріктеу турнирлерінде үлестірілді.

Ақырыс СЕЙІТҚАЗЫ

DISNEY тағы қазақша сөйледі

Disney мен Pixar компаниялары «Ойжұмбақ 2», Disney студиясы «Моана 2», «Муфаса: Арыстан патша» анимациялық фильмдерін өз қаражатына қазақ және орыс тілдеріне аударды. Disney жыл сайын әр фильмнің түрлі тілдегі 30-ға жуық нұсқасын дайындайды. Қазақ тілінің осындай ірі тілдер қатарына қосылуы, сүйікті кейіпкерлердің бізбен бір тілде сөйлеуі – қуантарлық жайт.

«Ойжұмбақ 2» анимациялық фильмінің басты кейіпкері Райлиді блогер Ақерке Естайқызы, қуанышты әншi әрі актриса Гүлнәр Тілебалды, мұңды –кино, театр және дубляж актрисасы Алма Қылмұқан, қорқынышты – кино мен театр актері, режиссер Рүстем Жаныаманов дыбыстады. Ninety One бой-бэндының солистері – Азамат Ашмақын мен Батырхан Маликов, дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаев жобаға үлес қосты.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Disney студиясының бұл бастамасына қолдау білдірді және оны басқа да контент жасаушыларға үлгі болатын өте жақсы бастама деп таныды.

«Фильмдерді әртүрлі елге бейімдеп, дубляждау – Disney компаниясындағы контент әзірлеу жұмысының ажырамас бөлігі әрі бұрыннан қалыптасқан үрдісі. Сол себепті Disney Character Voices International ұжымы әр фильмнің түрлі тілге аударылған 30-ға жуық нұсқасын әзірлейді. Осы нұсқалардың әрқайсысындағы кейіпкерлердің бірегей бейнесін сақтай отырып, оны көрермендерге «жақын» әрі түсінікті етіп аударатын, дубляждайтын дарынды шығармашылық кеңесшілер мен техникалық мамандар тобы жұмылдырылады, – дейді Орталық және Шығыс Еуропа, ТМД елдері, Грузия және Моңғолиядағы Disney компаниясының бас директоры Кахабер Абашидзе.

«Қазақстандық көрермен мемлекеттік тілде көрсетілетін Disney премьераларын қашанда ерекше ықыласпен қарсы алады. Бұл дәстүр 2024 жылы да жалғасын таппақ. Үлкен экрандардан қазақ тілінде көрсетілген «Моана», «Көліктер 3», «Коконың құпиясы» және «Арыстан патша» (2019) фильмдерінің қатары жаңа туындылармен толықпақ. Қазақ тілінде еркін сөйлейтіндер де, тілді енді үйреніп жүргендер де сапалы дубляждалған фильмдерді тамашалаудан ләззат алары сөзсіз», – деп пікір білдірді Қазақстан аумағындағы Disney фильмдерінің ресми дистрибьюторы, «Меломан» компаниясының бас директоры Вадим Голенко.

«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының негізгі жұмыс бағыты Disney компаниясының ұстанымымен үндес келеді. «Қазақ тілі» қоғамы мемлекеттік тілдегі контент қорын, атап айтқанда, бала тілін қазақша шығаруға қажет құралдардан бастап, әр адамның қазақ тілі аясында тұлға әрі маман болып қалыптасуына керек мазмұн қорын арттыруға басымдық береді. Әлемдік анимация жаңалықтары, қазақ тіліндегі кинопрокат бағытындағы контентті қазақ тіліне аудару бастамасын барынша қолдаймыз. Disney компаниясының бұл бастамасы өзге де контент өндірушілерге өте жақсы үлгі деп санаймыз», – дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

«Ойжұмбақ 2» фильмі кинотеатрларда 14 маусымнан бастап көрсетіледі. Мұнда көрермен бой жетіп қалған Райлимен қайта қауышады. Кейіпкердің санасында күтпеген жерден пайда болған жаңа эмоцияларға орын босату үшін бас бөлімінде күрделі жөндеу жұмыстары басталады.

Ал екінші релиз – Disney компаниясының «Моана 2» анимациялық шытырман оқиғасын қараша айынан бастап тамашалай аламыз. Фильм режиссері – кіші Дэйв Деррик, музыка авторы – «Грэмми» сыйлығының жүлдегерлері Эбигейл Барлоу мен Эмили Беар, «Грэмми» номинанты Опетайя Фоая мен үш дүркін «Гремми» жүлдесінің иегері Марк Манчина.

Қазақ тілінде көрсетілетін үшінші туынды – Disney компаниясының «Муфаса: Арыстан патша 2» көркем фильмі. 2019 жылғы «Арыстан патша» фильмінде қолданылған заманауи технологиялардың көмегімен түсірілген бұл картина Муфасаның балалық және жастық шағын, бауыры Шраммен арадағы өшпенділіктің түпкі тарихын баяндайды. Фильм режиссері – Барри Дженкинс («Ай сәулесі»), сценарийін Джефф Натансон («Терминал») жазған.

Ұсынылған фильмдердің қазақ тіліндегі дубляжы қазақстандық Movie Dalen студиясында жасалды.

С.БЕГІМБАЕВА

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4459
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айдана НҰРМҰХАН